Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2001 жылдың 7 тамызынан шыға бастады

№13 (912)

05.04.2019

alatau_offset@mail.ru

alatau.aqparat

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК: АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНАН 2712 ӨТІНІШ ТҮСТІ

Биылғы жылы 1 сәуірден бастап Елбасының «Әлеуметтік қамқорлық» әлеуметтік шараларын жүзеге асыру аясында жаңартылған атаулы әлеуметтік көмек алуға құжаттарды қабылдау басталды. АӘК тағайындау туралы өтініштер әр өңірде жұмыспен қамту орталықтарында, халыққа қызмет көрсету орталықтарында, сондай-ақ, ауылдық әкімдіктерде қабылданады. Естеріңізге сала кетейік, өтініш беру үшін белгілі жағдайларға байланысты үйден шығатын мүмкіндік болмаса, нотариус арқылы бекітілген сенімхатпен көмекке жүгінуші ананың жақындары баруға болады. Мамандардың айтуынша, өтініш беру үшін тек жеке куәлікті алып бару жеткілікті. Орталық қызметкерлері «Е-халық» бірыңғай базасы арқылы өтініш иесі туралы мәліметтерді шығарып алады.

Базада сіз туралы мәліметтер жоқ болса, қызметкерлер мемлекеттік органдарға сұрау салып, құжаттарды өздері жинайды.

«Бірінші күні атаулы әлеуметтік көмек тағайындау мәселелері бойынша кеңес алуға 18 137 адам жүгінген, оның ішінде 11 220 адам тиісті өтініш берді. Өтініш білдіргендердің басым бөлігі Алматы облысында - 2712, Қарағанды облысында - 2086, Түркістан облысында - 1800 тіркелді. Адамдар ең аз жүгінген Маңғыстау облысында - 70 адам», - делінген хабарламада.

Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдар 40 805 отбасының тіркелген деректерін жаңартып, оларға бұрынсонды тағайындалған АӘК қайта есептеу жүргізбек. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қызметкерлері АӘК тағайындау және төлеу бойынша кеңес беруге еліміздің әр аймақтарына барды. Сонымен қатар, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі АӘК жүгінген айдан бастап тағайындалатынын және өтініш беру уақытына тәуелді емес екенін айтады. Еске сала кетсек, Қазақстанда биыл 1 сәуірден бастап АӘК көрсету өлшемі күнкөріс шамасынан 50 пайыздан 70 пайызға дейін өсіп, 20 789 теңге болды. Ал жәрдемақы алушылар саны 571,6 мың адамнан 830 мың адамға дейін өседі. Осы ретте, егер АӘК-тің орташа мөлшері отбасының әрбір мүшесіне бұрын 4 834 теңге болса, сәуір айынан бастап әр балаға 20 789 теңге төленеді.

Атаулы әлеуметтік көмек – оның ішінде көпбалалы отбасыларға қаржылай көмек берумен ғана шектелмейді. Аз қамтылған отбасыларды жұмыспен қамтамасыз етуге көмектесу жағы да қарастырылған. Өтінішті қабылдап алған күннен кейін сол отбасының тұрмыстық жағдайын анықтау үшін арнайы комиссия жіберіледі. Өтініш иесі ұсынған мәліметтің қаншалықты рас екенін анықталады. Ел ішінде сөз болған «Үйдегі әрбір мүліктің бағасы мен сапасы, ішіп-жеп отырған тамағына дейін комиссия тексереді» деген сыбыс – жалған. Осыған орай, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің вице-министрі Светлана Жақыпова да жергілікті атқарушы орган отбасының жеке шаруашылығын есепке алатынын айтқан еді. Әкімдіктердің атаулы әлеуметтік көмекке зәру адамдарды есепке алғанда қорасындағы малын да есептейтіні рас. Алайда, ол малдың жем-шөп, шығындары ескерілмек.

Ең төменгі күнкөріс деңгейінің (26 915 теңге) 70%-ы немесе 20 789 теңге әрбір балаға беріледі. Мынандай ай сайынғы төлемдер табыс көзі ретінде есепке алынады: Бала күтіміне байланысты алатын жәрдемақы; Мүгедек баланың күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы; Күйеуі қайтыс болғаны үшін тағайындалатын жәрдемақы; Зейнетақы; Жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс және тағы да басқалары.

Тиісінше, мынадай табыс көздері есепке алынбайды: Біріншіден, төрт және одан да көп баласы бар көп балалы отбасыларға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы; Екіншіден, «Алтын алқа» және «Күміс алқамен» марапатталған көп балалы аналарға берілетін жәрдемақы; Үшіншіден, баланың мүгедектігі бойынша жәрдемақы; Төртіншіден, студенттердің шәкіртақысы; Бесіншіден, жергілікті атқарушы органдар беретін біржолғы төлемдер: бала туына байланысты бір реттік берілетін төлем, мерекелерге төленетін жәрдемақы.

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау мәселелері бойынша кеңестер алу үшін бірыңғай байланыс-орталығының «111» тегін нөміріне хабарласуға болады.

Д. ӘМІР

Ұтыстан құр қалмаңыз!

I орын
Смартфон Samsung Galaxy A6

II орын
Шаңсорғыш
Bosch BGS05A220

III орын
Мультиварка
REDMOND RMC-M252

IV орын
Қысқатолқынды пеш
Elenberg MS-2011M

V орын
Блендер
Elenberg
HAT-9601E

VI орын
Миксер
Elenberg
SW-601

Оқырмандар жүрегіне жол тапқан басылымды одан әрі насихаттау әрі көпшіліктің қызығушылығын тудыру мақсатында оқырмандарға арнап ұтыс ұйымдастырып отырмыз. Ұтыс ойынын «Қазпошта» АҚ-мен бірлесе отырып, қорытындылайтын боламыз. Оқырмандар сәуір айынан бастап жазылса, газет келесі айдан бастап қолына тиеді.

Түбіртектің түпнұсқасын өзіңізде қалдырып, көшірмесін «Қазпошта» арқылы Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат мекенжайына жолдаңыз. Индекс: 040000. Немесе түбіртекті сканерден өткізіп, басылымның alatau_offset@mail.ru поштасына жіберуге болады. Сонымен қатар 87028817110 ұялы телефонына WhatsApp желісі арқылы жолдауға мүмкіндігіңіз бар. Қосымша ақпарат: 87714037399 нөмірінен ала аласыздар.

Ескерту: *ұтысқа тек 2019 жылы жазылғандар ғана қатыса алады.*

АҢДАТПА

ХИДЖАМА – САУЛЫҚ КЕПІЛІ ▶ 4-бет

РЕФОРМАШЫЛ МЕМЛЕКЕТІМІЗДЕГІ БІЛІМ СЫНАҒЫ ▶ 5-бет

МҰРАТ ҰРЫМХАНОВ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ ▶ 13-бет

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АҚТЫҚ САПАРҒА АТТАНДЫРЫЛДЫ

Талдықорғанда «Алтын жебе» әскери жаттығуы кезінде 27 наурыз күні тікұшақ апатынан ажал құшқан сарбаздарды жетісулықтар Орталық алаңға жиналып, ақтық сапарға шығарып салды. Атап айтсақ, қаза болғандардың 8-і Алматы облысынан болса, оның үшеуі Талдықорған қаласынан еді. Бұдан бұрын Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев және бас мүфти Серікбай қажының қатысуымен талдықорғандық ефрейтор Айдын Абдилдинов пен Мирас Жұматаевтың денесі жер қойнына тапсырылған еді. Одан өзге төрт жауынгердің екеуінің жанұясы Алакөлде, бірі Кербұлақта, және біреуінің отбасы Талдықорған қаласында. Орталық алаңда өткен аза тұтуда жетісулықтар жерлесі, кіші сержант Асхат Абдулманатпен қоштасты.

Алдымен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, генерал-майор Нұрлан Ермекбаев сөз алып, марқұмдардың отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты. Облыс әкімі Амандық Баталов аза тұтып отырған марқұм жауынгерлердің отбасыларына көңіл айтып, барынша көмек көрсетілетінін жеткізді:

- «Қайғыны бөліссең, азаяды», - дейді халқымыз. Бұл қайғылы оқиға бәрімізге де ауыр тиді. Қанша көмек көрсеткенімізбен, қайғыны бөлісіп көңіл айтқанымызбен, азаматтарды қайтара алмаймыз. Болған іске болаттай бекем болыңыздар. Біздің інілеріміз өздерінің борыштарын елдің алдында, Отанның алдында адал өтеді. Мен өз тарапымнан, Алматы облысының жұртшылығы атынан топырақтары торқа, жандары жаннатта болсын деймін. Батыр ұлдарымыздың аттарын мәңгіге сақтап, ұрпаққа үлгі етеміз. Артында қалған балаларына қамқорлық жасап, әрқашан көмек көрсету – біздің парызымыз, - деді А. Баталов.

Алматы облысының әкімдігі әскери оқу жаттығуы кезінде қаза болған жерлестерінің отбасыларына 1 млн теңгеден қаржылай көмек көрсететін болды.

Өз тілшіміз

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНАН 300 ШАҚЫРЫМ ЖЕРДЕ ОРНАЛАСҚАН ҮЛКЕН АУЫЛЫНДА АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ САЛЫНУЫ МҮМКІН. БҰЛ ЖӨНІНДЕ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МАҒЗҰМ МЫРЗАҒАЛИЕВ ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ КУЛУАРЫНДА АТАП ӨТТІ.

АТОМ ЭЛЕКТРОСТАНЦИЯСЫ САЛЫНУЫ МҮМКІН

Вице-министрдің айтуынша, атом электр станциясын салу туралы нақты шешім әзірге қабылданбаған. Алайда станция құрылысына арналған аумақ белгіленіпті. «Біз бұл мәселені зерттеуді жалғастырамыз. Алайда атом электр станциясын салу туралы нақты шешім қабылданған жоқ. Алматы облысындағы Үлкен аулынан аумақ белгіленді», - дейді М. Мырзағалиев.

Сондай-ақ, ол Қазақстан үшін барынша сай келетін технологияны таңдау керектігін де атап өтті. Үлкен ауылы Балқаш көлінің маңында орналасқан.

Айта кетсек, Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының президенті Владимир Путинмен кездесуге іс сапарға аттанған еді. Путин Тоқаевпен жүргізген келіссөздерін қорытындылай келе атом электр станциясы жайлы сөз қозғады. Ресей президентінің сөзінше, Мәскеу Нұр-Сұлтанға атом электр станциясын салу туралы ұсыныс тастаған.

Д. БЕЙБІТҚЫЗЫ

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРГЕ *425 мың теңге беріле ме?*

425 мың теңге төленуі мүмкін. Денсаулық сақтау министрлігі заң жобасына осындай норма енгізуді көздеп отыр, — деп хабарлайды Sputnik Қазақстан сайтына сілтеме жасаған taldykorgan-online.kz

Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов жүктіліктің он екінші аптасына дейін есепке тұрған болашақ аналарға заң жобасына енгізілген өзгертулер қабылданса, 425 мың теңге төленетінін растады. Алайда, бәріне емес, тек жүктіліктің он екінші аптасына дейін есепке тұрған болашақ аналарға ғана рәсімделмек. «Біз ана мен баланың денсаулығына бағытталған шаралар кешенін ұсынуды жөн көрдік. Атап айтсақ, оларды дер кезінде есепке тұруға ынталандырғымыз келеді. Сондай-ақ, уақытында есепке тұрмайтын, дәрігерге қаралмайтын, екпеден бас тартатындар үшін әкімшілік жауапкершілік енгізуді ұсындық», - деді ведомство басшысы.

Аталған заң жобасында жүкті әйелдерге ең төменгі жалақының он еселенген мөлшері шамасында төлем төлеу туралы норма қарастырылған. Министр Біртановтың сөзінше, бекітілген заң жобасы арқылы азаматтардың өз денсаулығына жауапкершілігін күшейту мәселесі көзделген.

«Өкінішке қарай, қазір азаматтар өз денсаулығына салғырт қарайды, көп жағдайда дәрігерлердің араласқанын күтеді. Бірақ, тым кеш болып қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Сондықтан шаралардың дені профилактикаға, соның ішінде, вакцинацияға бағытталған», - деді министр баспасөз мәслихатында. Сол себепті денсаулығына немқұрайлы қараған азаматтар үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу де қарастырылуы мүмкін.

КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Талдықорғанда көктемгі абаттандыру жұмыстары басталды. Қазірде өңір орталығына 300-ден астам жас көшет отырғызылған.

Жұмысшылар «Жастар» спорт сарайының маңайына, 3-ші бөлімшеге және Нұрсұлтан Назарбаев даңғылында орналасқан Ескелді, Балпық, Қабылиса жырау ескерткіштерінің айналасына, сондай-ақ, әуежайға барар тас жолдың бойына қылқанжапырақты ағаштарды отырғызды. Аталған игі іс сәуірдің 20-на дейін жалғаспақ.

«Қала әкімінің тапсырмасы бойынша Талдықорғанға 500 қылқанжапырақты, 2500 жапырақты ағаш отырғызуды жоспарлап отырмыз. Көшеттерді Алматының төңірегінде орналасқан тәлімбақтардан (питомник) әкелдік. Себебі, ол жақтың ауа-райы біздің қалаға ұқсас болып келеді», - дейді Көркем-Талдықорған мекемесінің басшысы Қ. Азаматов.

Қанат Азаматов күннің жылынуына байланысты сәуір айының ортасынан бастап, Талдықорғанда гүл көшеттерін отырғызу жұмыстары да басталатынын атап өтті.

ЖАС ӨНЕРПАЗДАР ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында өткен XIII Халықаралық «Ақ көгершін» балалар шығармашылығы байқауына өңіріміздің намысын қорғауға аттанған жас өнерпаздарымыз жүлделі оралды. Атап айтсақ, бас жүлде – ән номинациясы бойыншаТалдықорған қаласының өнерпазы Тоқтарова Аминаға бұйырса, би номинациясы бойынша Ескелді ауданы "Аяназ" би ансамблі жеңіске жетті. Ал музыкалық аспапта ойнау номинациясы бойынша Талдықорған қаласынан Нұрғиса Нұранбек, Ақсу ауданынан Адай Ерсалым бас жүлдені қанжығасына байлап, I орынды Нұрмыхаметов Біржан иеленді.

29 наурыз күні жүлделі оралған жас өрендерді Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Алматы облыстық халық шығармашылығы орталығы, Алматы облысы жастар ресурсы орталығы, қала тұрғындары, БАҚ өкілдері қаланың кіреберісінен гүл шоқтарымен қарсы алды. Басқарма басшысының орынбасары Әлия Әлімжанқызы құттықтау сөз сөйлеп, қарсы алуға келген жастарға жас та болса үлкен жетістікке қол жеткізіп келген өнерпаздардың қайсарлығын насихаттады. Жиылған қауым кішкентай таланттарға жылы лебізін арнап, риза болып тарқасты.

Өз тілшіміз

Талдықорған қалалық Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқармасының ұйымдастыруымен «Қош келдің, әз-Наурыз» атты мерекелік іс-шара өтті. Мәдени шараға қорғаныс істері жөніндегі басқарманың жеке құрам ұжымы толығымен қатысып, өнерлерін ортаға салды.

ӘЗ-НАУРЫЗБЕН БЕРЕКЕ КЕЛЕР

Әсіресе, мемлекеттік қызмет көрсету бөлімшесінің сержанты құқықтық жұмыс жөніндегі бөлімше бастығы Н. Мұсабаева баланың тұсауын кесу рәсімінің жөн-жоралғысын жасап, сәбидің тәтті үніменен мерекелік жиынды одан әрі әрлендіре түсті.

Сондай-ақ, жасақтау және жұмылдыру бөлімі бірлесіп, қыз ұзату салтын сахналап, бөлімше бастығы аға сержант Д. Әсемқажиев қыз ұзату тойында жасалатын ырымдар туралы баяндап, тәрбиелік мән-маңызы жөнінде сыр шертті. Бастапқы әскери даярлық және әскери техникалық мектептер жөніндегі инспекторы, азаматтық персонал Г. Жақсылықованың қатысуымен өткен сахналық көрініске жасақтау бөлімінен келісім-шарт бойынша әскери қызметке шақыру жөніндегі инспектор, азаматтық қызметкер Д. Тоқанова ұзатылар қыздың рөлін сомдады.

Торқалы тойға шашу ретінде жиналған қауымға жомарттық танытып, «Той бастар» сыйын үлестірген саптық және кадр бөлімінің бастығы аға-лейтенант А. Қарашекенов командасы мәрттіктің үлгісін көрсетті.

Шараға Алматы облыстық Сүйінбай Аронұлы атындағы филармониясы әншілері жырдан шашу шашып, би биледі. Наурыз тойына ҚР ҚК ардагерлері Алматы облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының бірінші орынбасары, подполковник А. А. Злобин, орынбасары подполковник С. С. Бекмұратов қатысып, ұжымға деген жылы лебіз-тілегін арнады. Кеш соңында сөз алған Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқарма бастығы, полковник Е. Мейрембеков қонақтарға алғысын білдіріп, марапат қағаздарын табыстады.

Е. ДӘУРЕНБАЕВ
Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқарма инспекторы

ЖАНҰЯ КАБИНЕТІ

Алматы облысының №1 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында «Жанұя» кабинеті ашылды.

Бұл кабинет татуластырушы судьямен балаларға қатысты ата-аналардың арасындағы дауды шешуге арналған. Ерлі-зайытылардың ажырасу көп жағдайларда бала тәрбиесіне кері әсер ететіні, некенің бұзылуы ең алдымен балаға моральды жағынан ауыр тиетіні сөзсіз. Сондықтан ана-аналарға баланың тәрбиесі мен білім алуына қатысты барлық мәселелерді оның мүдделерін негізге алып және пікірін ескере отырып, өзара келісіп шешулері керек екені ескертіледі.

Сонымен қатар, бұл кабинетте психолог кәмелетке толмаған балаларға психологиялық әдістеме жүргізіп, суреттер мен тест арқылы, бала мен ата-анасының арасындағы қарым-қатынасты, психологиялық және интелектуалдық деңгейін анықтайды. Және де кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, азайту мақсатында «Шанс» ҚҚ мамандары балаларға әлеуметтік-құқықтық, психологиялық және тағы басқа жұмыстарды жүргізеді.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ШАХМАТЫ – НЕЧТО БОЛЬШЕЕ, ЧЕМ ПРОСТО ИГРА

УЧЕНИКИ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЫ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН ВЫПОЛНИЛИ НОРМУ ЧЕТВЕРТОГО РАЗРЯДА ПО ШАХМАТАМ.

Квалификационный турнир юных шахматистов состоялся во Дворце школьников, организаторами которого выступила Федерация шахмат и шашек Алматинской области. Турнир проходил в формате десятиминутного блица по швейцарской системе. Упорная борьба продолжалась на протяжении всех семи туров, и призеры определились буквально на последних секундах игры. Ими стали: ученики 4 класса Айсултан Токтархан, Малик Аман, Димаш Тинали и ученик 1 класса Нурхан Баймухан.

Нурхан – самый юный участник турнира, защитивший 4-разряд. Помимо занятий в школьном кружке по шахматам, он посещает Детский развивающийся центр, где дополнительно оттачивает свои навыки не только по шахматам, но и по вокалу, фортепиано, рисованию, а также является призером городских, областных соревнований по каратэ. По словам мамы, Гаухар Батырбековой, для Нурхан шахматы – это его страсть. В свободное время он играет с дедушкой, а также пробует себя в роли наставника, обучая игре и своего 4-летнего братца.

Кружок по шахматам Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган посещают больше 100 учащихся. Занятия проводятся каждый день, в послеобеденное время.

«Шахматы - прекрасная тренинговая площадка для приобретения важных в жизни навыков и привычек. Эта удивительная, древнейшая полезная игра доставляет детям много радости, удовольствия, в то же время оказывает огромное влияние на развитие мышления», - поделился своим комментарием тренер школьного кружка по шахматам Айбек Базылжанов.

А. МУРАТКЫЗЫ.

РАБОТНИКИ ТОО «АЛМАТИНСКИЕ КРАСКИ» ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН ПОДДЕРЖАЛИ ПЕРЕИМЕНОВАНИЕ СТОЛИЦЫ В «НУР-СУЛТАН». НАКАНУНЕ НА ПРЕДПРИЯТИИ ПРОШЛО СОБРАНИЕ С УЧАСТИЕМ РАБОЧИХ, А ТАКЖЕ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ И ГОРОДСКОГО ФИЛИАЛА ПАРТИИ «NUR OTAN», СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ.

ПОДДЕРЖАЛИ ПЕРЕИМЕНОВАНИЕ СТОЛИЦЫ

Открывая собрание, председатель Совета директоров ТОО «Алматинские краски» Римма Салыкова отметила, что инициатива президента РК Касым-Жомарта Токаева о переименовании столицы в честь Елбасы является правильной исторической оценкой неоценимому труду Нурсултана Назарбаева.

«Я 10 лет жила в Целинограде, и знаю был старый город, как выглядела Акмола в 90-ых, как развивалась Астана в начале 2000-ых годов. Каждый раз приезжая в Астану я не узнаю город: строятся новые жилые дома, появляются современные объекты, скверы и парки. Все это благодаря воле и труду Первого президента, который вложил всю свою душу в реализацию такого национального проекта. Это сейчас мы забываем о проблемах, о том как жили 20 лет назад. Сегодня мы построили страну и столицу, где хочется жить и развиваться. Поэтому, переименование Астаны в честь имени Елбасы это - в первую очередь дань уважения и оценка его многолетнего труда. Я часто бываю заграницей и когда мы представляемся, иностранцы сразу же вспоминают и делятся впечатлениями деятельности Нурсултана Назарбаева», - рассказала Римма Салыкова. Главный энергетик завода Николай Шкурко также считает, что столица с новым названием обретет новое дыхание и развитие. «Говорят как корабль назовешь, так он и поплывет. Нынешний политический и экономический курс показал, что мы движемся вперед и только новым свершениям. Называя нашу столицу «Нур-Султан», мы обречены на успех и высокие достижения. Как и все казахстанцы, я хочу поблагодарить Нурсултана Абишевича за его любовь к своему народу и за все что он сделал для развития государства», - поделился он. От имени молодежь завода выступил начальник цеха Куаныш Сарсенбаев. «Может быть мы не помним те трудности, которые преодолели наши родители в 80-90-ых годах, то мы хорошо знаем как развивалась страна и наша столица. Мы горды тем, что благодаря Нурсултану Абишевичу Казахстан состоялась как динамично развивающая страна, единое и благополучное государство. Теперь мы должны приумножить и сохранить все это», - отметил Куаныш Сарсенбаев.

Напомним, ТОО «Алматинские краски» создано в 2009 году. Производственная мощность завода 5 000 тонн лакокрасочных материалов и 6000 тонн термопластика в год. Предприятие является ведущим поставщиком дорожно-разметочных материалов на рынке Казахстана, а также победитель республиканского конкурса-выставки «Лучший товар Казахстана».

Ш. БАТЫРОВ.

МОРАЛЬНЫЙ ВРЕД И ЕГО ВОЗМЕЩЕНИЕ

В Конституции Республики Казахстан указано, что достоинство человека неприкосновенно и каждый имеет право на неприкосновенность частной жизни, личную и семейную тайну, защиту своей чести и достоинства.

Одним из способов судебной защиты гражданских прав относится компенсация морального вреда. Под моральным вредом понимается нарушение, умаление или лишение личных неимущественных благ и прав, принадлежащих физическому лицу от рождения или в силу закона, влекущее нравственные или физические страдания, испытываемые (претерпеваемые, переживаемые) потерпевшим в результате совершенного против него правонарушения.

Моральный вред возмещается, независимо от вины причинителя, в случаях, если: 1) вред причинен жизни и здоровью гражданина источником повышенной опасности; 2) вред причинен гражданину в результате его незаконного осуждения, незаконного привлечения к уголовной ответственности, незаконного применения в качестве меры пресечения заключения под стражу, домашнего ареста или подписки о невыезде, незаконного наложения административного взыскания в виде ареста, незаконного помещения в психиатрическое лечебное учреждение или другое лечебное учреждение; 3) вред причинен распространением сведений, порочащих честь, достоинство и деловую репутацию; 4)иных случаях, предусмотренных законодательными актами.

Основанием иска о компенсации морального вреда является виновное совершение ответчиком противоправного деяния, повлекшего причинение истцу физических или нравственных страданий, что подлежит доказыванию в суде, как и характер причиненных страданий, степень вины причинителя вреда. В соответствии с требованиями Гражданского кодекса Республики Казахстан моральный вред возмещается в денежной форме и независимо от подлежащего возмещению имущественного вреда.

Гражданским законодательством определение размера компенсации морального вреда оставлено на усмотрение суда, рассматривающего дело, с учетом принципов разумности, достаточности и справедливости. Суды при определении размера компенсации морального вреда в денежном выражении принимает во внимание как субъективную оценку гражданином тяжести причиненных ему нравственных или физических страданий, так и объективные данные, свидетельствующие об этом, в частности: – жизненную важность личных неимущественных прав и благ (жизнь, здоровье, свобода, неприкосновенность жилища, личная и семейная тайна, честь и достоинство и т.д.); – степень испытываемых потерпевшим нравственных или физических страданий (лишение свободы, причинение телесных повреждений, утрата близких родственников, утрата или ограничение трудоспособности и т.д.); – форму вины (умысел, неосторожность) причинителя вреда, когда для возмещения морального вреда необходимо ее наличие. Суды также вправе принять во внимание и другие подтвержденные материалами дела обстоятельства, в частности, семейное и имущественное положение как потерпевшего, так и гражданина, несущего ответственность за причиненный потерпевшему моральный вред.

Азамат МАДИЕВ,
судья Аксуского районного суда.

МОЛОДЕЖНЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ФОРУМ

По сообщению пресс-службы палаты предпринимателей области, на площадке Жетысуского государственного университета имени Ильяса Жансугурова состоялся молодежный экономический форум «Модернизация общественного сознания глазами молодежи: региональный контекст». Открывая форум, ректор университета Куат Баймырзаев отметил, что вузом поставлена задача по вовлечению студентов в деловую среду и поддержки их бизнес проектов.

«Нас поддерживает Национальная палата предпринимателей «Атамекен», фонд «Даму», открыта стартап академия. Я приглашаю студентов прийти со своей идеей или проектом к нам, а свою очередь мы их поддержим», - сказал он. Также по словам Куата Баймырзаева, чтобы стать успешным, нужно обучаться новым профессиям и совершенствовать свои навыки. Спикер форума, директор Палаты предпринимателей Алматинской области Нариман Абильшаиков в своей мотивационной презентации рассказал о вчерашних, нынешних и будущих трендах, которые меняли или поменяют общественное сознание. «Хочу привести в пример людей, которые создают нынешние тренды и влиют на сознание окружающих. Посмотрите на меценатов Бауржана Оспанова, Жаксылыка Ушкемпирова, которые преуспевает не только в бизнесе, но и активно решают социальные вопросы регионов. Благодаря профессионализму сегодня мировые сцены покоряют певец Димаш Кудайбергенов, актриса Самал Еслямова, клипмейкер Айсултан Сеитов и другие», - сказал он. Жаркие дискуссии вызвали факты о вымирающих специальностях и профессиях будущего. «Согласно данным из открытых источников, через 30 лет исчезнут такие профессии как бухгалтер, юрист-консультант, турагент, оператор call-центра. Вместо них востребованными станут такие профессии как сити-фермер, ИТ-медик, разработчик домашних роботов. Соответственно обучение в учебных заведениях должны проводиться с учетом конъюнктуры рынка», - добавил Нариман Абильшаиков. Далее выступил руководитель управления внутренней политики Алматинской области Рустам Алпысбаев, который рассказал о реализованных и планируемых проектах в рамках реализации программной статьи Первого Президента «Рухани жаңғыру». Директор ТОО «Тамас» Аскар Пусурманов поделился со студентами своим опытом ведения бизнеса. Предприятие, на котором трудятся порядка 500 человек ведет гидромелиоративное строительство и выпускает строительные материалы.

В рамках форума также выступили директор ТОО «Мармар Казахстан» Олжас Закирулы, директор Офиса коммерциализации результатов научных исследований Дамир Дигай, PhD доктор, доцент кафедры государственного управления и менеджмента Эльмира Кыдырбаева и студентка ЖГУ имени И.Жансугурова Аяулым Каналбекова.

Напомним, форум организован ЖГУ имеги И.Жансугурова совместно с Палатой предпринимателей Алматинской области.

Ш. ХАМИТОВ.

Как сообщает пресс-служба ДЧС Алматинской области 3 апреля 2019 года в филиале «Службы центральных коммуникаций Алматинской области» проведен брифинг.Основной целью проведения брифинга явилось информирование населения о мерах подготовки к пожароопасному периоду и о безопасности на воде в весенний и летний периоды.

В Алматинской области проведен брифинг по подготовке к пожароопасному периоду и о мерах безопасности на воде в весенний и летний периоды

На брифинге приняли участие представители республиканских и областных средств массовой информации. Спикерами выступили: заместитель начальника Департамента по чрезвычайным ситуациям Алматинской области полковник Тураров Серикман Женисович, исполняющий обязанности начальника Управления снижения рисков бедствий и контроля в области гражданской защиты ДЧС Алматинской области майор гражданской защиты Канин Константин Леонидович, старший инспектор группы ДПС Управления местной полицейской службы ДП Алматинской области, подполковник полиции Мухметов Кайсар Жаксылыкбекович. В ходе брифинга заместитель начальника ДЧС Алматинской области Тураров Серик Женисович осветил паводковую обстановку на территории области, довёл до сведения представителей СМИ меры, принимаемые местными исполнительными органами, службами гражданской защиты и Департаментом по ЧС области по недопущению паводковой ситуации.

А также Сериканом Тураровым на брифинге были озвучены основные причины гибели людей прошлых лет и правила предосторожности граждан на воде, принимаемые меры по снижению несчастных случаев в период купального сезона.

- «На территории Алматинской области расположено три основных водоёма, такие, как озера Алаколь, Балхаш и Капшагайское водохранилище, вместе с этим, имеются еще 3 озера, 55 рек, 64 водохранилища и 97 прудов. Основной поток отдыхающих в летнее время приходится на озеро Алаколь и Капшагайское водохранилище. Причинами чрезвычайных ситуаций на воде являются неорганизованный отдых граждан на неконтролируемых спасателями ДЧС зонах водоемов, незнание или несоблюдение правил безопасности на воде, неумение плавать, недооценка сил при плавании и оставление детей у воды без должного присмотра взрослых», – сказал С. Тураров.

Начальником Управления снижения рисков бедствий и контроля в области гражданской защиты Константином Каниным на брифинге были озвучены причины возникновения загорания сухой травы и лесных пожаров, а также меры по их предупреждению и ликвидации.

- «На территории области более – 5,3 млн. гектар занимают земли государственного лесного фонда, из них 4,1 млн. гектар относится к ведению местных исполнительных органов Алматинской области, 1,2 млн. гектара к Государственному национальному природному парку, из них 2,9 млн. гектар составляют лесные угодья. Просим граждан беречь нашу природу от пожаров» - отметил К. Канин.

Старший инспектор группы ДПС УМПС ДП Алматинской области, подполковник полиции Кайсар Мухметов в своем выступлении отметил совместную работу с ДЧС Алматинской области и рассказал о мерах принимаемых к нарушителям порядка и отдельно остановился на ответственности самих граждан и культуре соблюдения правил безопасности на воде,

В конце брифинга журналисты задавали интересующие их вопросы, на что на месте получили исчерпывающие ответы.

А. АКЫБАЕВА.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ХИДЖАМА - саулық кепілі

Қазіргі таңда көптеген зиянкесті заттар көбейді, ауа-райы бұзылып, суда, тамақта токсин пайда болған, әрі адам ағзасының құрамы дәрі-дәрмектердегі химиялық заттарға тәуелді. Ағзамызды улаған зиянды дәрі-дәрмектен қалай арылуға болады? Қарапайым халыққа пайдасы тиеді деген мақсатта бүгінде кеңінен таралып, көпшіліктің сұрауына ие болған қан алдыру (хиджама) тәсілі туралы біраз ақпарат бермекпіз.

Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисте былай деген: «Үш түрде ем бар: бал ішуде, қан алуда және отпен күйдіруде. Ең жақсы ем жолы ол қан алу. Ибн Аббас риуаят етеді: «Пайғамбар с.ғ.с. қан алдырып тұратын әрі қан алған адамға ақысын өтеп беретін»,- деп жазады.

Жалпы хиджама деген не? Хиджама арабшадан аударғанда «сору, тартып алу, сіңіру» деген мағынаны білдіреді. Артық қанды алу арқылы денені зиянды заттардан арылтады.

Қан алдырудың пайдасы көне заманнан бар, күні бүгінгі медицинада да дәлелденген. Бірақ қазір жаппай хиджама жасататындардың жайы алаңдатарлық дүние. Сол себепті де қаламызда барлық талаптарға сай келетін, нақты хиджама жасауға рұқсаты бар арнайы орталықты тауып, біраз зерттедік.

Буын аурулары, сары су жиналуы, нерв жүйесінің ауруы, арқа ауруы, мойын ауруы, қан қысымы (гипертензия), қан қоюлығы, аяқтың қақсауы, бедеулік, геморрой, простатит, өкпе аурулары мен жөтел, асқазан ауруы, бүйрек ауруы, жыныс аурулары, депрессия, жүрек аурулары, диабет, бауыр аурулары, варикоз тамырлары, тері аурулары сынды ауруларға ем болатын хиджаманың пайдасы ұшан-теңіз. Қаламызда «DOSMED» деп аталатын хиджама жасау орталығы бүгінде өз жұмысын жасап, тұрғындардың алғысын алып жүр. Орталықтың басты мақсаты да ағзаға зиян келтірмей ем-дом жасау екен. «DOSMED»-тің ашылуына себепкер болып, бүгінде хиджама жасау басты жұмысына айналған Досжан Қыдырхановты сөзге тарттық.

«Не үшін хиджама жасау керек? Қан әрдайым қозғалыста болу қажет. Көп жағдайда адам ағзасындағы қан толық церкуляцияланбай тамырлармен, артериялар бойымен барлық қанның тек жартысы ғана қозғалып жатады. Қанның қалған бөлігі «резервте» сақталып тұрады, қан кету, гипоксия, интенсифті жұмыс және т.б жедел жағдайда жұмсалады. Қозғалыссыз тұрған қан ескіре бастайды. Өз қасиетін жоғалтады ағзаға түскен зиянды нарсені жинайды. Бұндай тұрып қалған қанның кесірінен әрбір мүше өзінің жұмысын толықтай атқара алмайды. Хиджама – денедегі жаман қаннан құтылудың бірден бір жолы» - дейді Досжан Амантайұлы.

Хиджаманы денсаулығы сыр берген кез келген адам жасата береді. Дегенмен кей жағдайларда қан сорып алуға болмайды. Мысалы, қанның дұрыс ұйымауы, қан обыры, тромбоцитопения, лейкоз, анемия, онкологиялық ауруларда хиджама қолданылмайды. Хиджаманы онкологиялық ауруларға қолдану жөнінде ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар. Ғалымдардың бір тобы – онкологиялық аурулар үшін бұл ең соңғы үміт те болуы мүмкін деген пікірді ұстанса, басқа топ ғалымдары бұл аурудың одан бетер таралуына әсер етеді дейді. Дегенмен мұның барлығын дәрігер науқастың қан сараптамасы мен басқа да зерттемелерін ескере отырып шешеді.

«Хиджама қазір дінге бет бұрғандар арасында кеңінен таралған. Бұл – сонау атабабамыздан келе жатқан Пайғамбарымыздың сүннеті. Кезінде біздің аталарымыз батпаққа, құмға түсетін. Жылдың бір мезгілінде малдың мүйізімен қан алдыратын. Кейде медициналық банкілерді пайдаланатын. Содан кейін сүлік салдыратын. Осылайша, денедегі арам қанды алдырудың пайдасын ертеден білген. Хиджама исламда ғана емес, ежелден келе жатқан Шығыс медицинасындағы маңызды емдом саналады. Сүндетке отырғызу да медициналық тұрғыда дұрыс дүние. Оны Еуропа мойындап отыр. Сол сияқты хиджаманың пайдасын әлем жұртшылығы ұғынып келеді. Бір айта кететіні, хиджаманы оқыған, кәсіби дәрігер жасауы керек. Адамның денесінде арнайы нүктелері болады. Сол нүктелерін дәрігер ғана таба алады. Қазіргі таңда медициналық мамандандбаған хиджаманы үйреніп алып, білсе де білмесе де табыс көзіне айналдырып отырғандар бар. Бұған мен қарсымын. Өйткені ет пен терінің арасындағы арам қанды алу дұрыс. Бірақ ол дұрыс алынбаса адам, ағзасындағы пайдалы қан да алынып, керісінше ауруға душар болуы әбден мүмкін» - деген орталықтың басшысы қазіргі кезде өзінің көмегіне жүгінетіндердің саны артып келе жатқанын жасырмады. Мәселен, бұрын бірнеше клиентпен ғана жұмыс жасаған Досжан болашақта хиджама жасайтын сауатты мамандарды алсам деген жоспарының бар екенін де айта кетті.

Расымен де хиджаманың пайдасын нақты осы орталықтан көрген кісіден де пікір алуды жөн көрдік. Бірнеше рет қан алдыру арқылы денсаулығым жақсарды деген Арман есімді азамат Досжанның қолы жеңіл, өте сауатты екендігін айтты. «Хиджаманы бірнеше рет жасаттым. Әсері өте керемет. Өзім басымнан бірнеше соққы алғанмын. Жиі басым ауырады. Дәрілер кері әсерін тигізіп жатады. Хиджама болса әсерін тез береді. Бірден жеңілдеп қаласың. Мен негізі Алматыға барып арнайы орталықтарға жасататын едім. Талдықорғанда хиджама жасайтын адам аса кездестірмедім. Сертификаттары бар ма, дұрыс жасай ала ма сенбедім. Біраз уақыт бұрын Досжанды кездестіріп, үй ішімізбен жасатып жүрдік. Ол кезде үйге келіп жасап беретін. Енді өзінің орталығын ашқаны қуантты. Барлық жағдай бар. Тазалығы да өте жақсы. Жалпы хиджаманы дінімізде құптайды ғой. Сондықтан жасатпаған адамдарға кеңес берер едім. Әсіресе, басы жиі ауыратын адамдарға пайдасы өте зор»-дейді Арман Мұхамадиев.

Ал, қан қысымы жиі көтерілетін Жанар есімді азаматша дәл осы хиджамадан кейін денсаулығы жақсарғанын айтты. «Досжанға барып хиджама жасаттым. Өйткені желкем тартып, қан қысымым үнемі жоғары болатын. Арам қандардан арылғалы бері бәрі жақсы. Аллаға шүкір, шынымен пайдасы бар екеніне көзім жетті. Досжан бауырыма Алла разы болсын. Жұмысың алға бассын дегім келеді» - деп ыстық ықыласын білдірді Жанар Алпысбаева.

Дертіне шипа тапқан жандар, осы орталықтың тұрақты емделушісіне айналғандар қарасы өте көп бүгінде. Дінімізде құп саналатын осы емдеу жолы барлық азаматтардың ауруына шипа болсын деген ниетпен осы мақала жарық көрді. Біздің мақсат оқырмандарға пайдалы ақпарат пен құнды деректер беру. Сол себепті осы орталықтың емін пайдаланып көруге кеңес берер едік.

Г. ЕРДАУЛЕТОВА.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҰБТ

«Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» деген ұлт ақыны Мағжан Жұмабаев. Бала бойына адамдықтың асыл қасиетін қалыптастырып, дүниеге кірпіш болып қалануына да зор ықпалын тигізетін – мектеп. Бірақ реформалары жыл сайын өзгеретін елімізде мұғалімнің мәртебесі төмендегелі қашан. Ұстаз мәртебесін құлдыратып алып, жоғары нәтиже сұрайтынымыз қызық. Қызық емес-ау, қиын. Біз бұл ретте он бір жылдық білімнің нәтижесі деп Ұлттық бірыңғай тестілеу мәселесі төңірегінде сөз еткелі отырмыз.

РЕФОРМАШЫЛ МЕМЛЕКЕТІМІЗДЕГІ БІЛІМ СЫНАҒЫ



ҰБТ-ның уақыты жақындағалы қорқыныш, үрей пайда болса, тестілеуден соң жылаған түлектер, уайымдаған ата-аналар саны артып, өкінішке орай түрлі қиын жағдайлар орын алады. Осымен он алтыншы рет өткізілгелі отырған ҰБТ-ның тыныш аяқталған кезі жоқ. Әйтеуір бір шу шығады. Соңында бірі дұрыс реформа жасамаған білім жүйесін, бірі баланы қадағаламаған ата-ананы, бірі немқұрайлы оқыған оқушыны кінәлау басталады.

Біз білімнің сапасын анықтап отырған құрал тестілеу жүйесінен қазіргі таңда әлемнің көптеген мемлекеттері үзілді-кесілді бас тартып отыр. Тіпті кәрі құрлықтағы дамыған ел – француз халқы осы тестіден бас тартуын талап етіп, ереуілге шыққан болатын. Ал негізінде тестік бақылаудың түрлері өте ерте заманнан басталады. Б.з.д. ІІІ ғасырда Ертедегі Вавилонда мектеп оқушыларының жазу дағдысын тексеру үшін алғашқы емтихандар жүргізілген. Осы сынақты өткен адам ғана екінші кезең әңгімелесуге шақырылған. Осындай сынақтар Ежелгі Грецияда, Спартада, Қытайда чань-мектептерінде да жүргізілген.

Жалпы тест сынағы ойлануға уақыт бермей, қолма-қол жауап беру үшін қолданылған. Яғни, жеңіл сұрақтар беріліп, тереңнен ойлануды қажет етпеген. Бүгінде көзіміз көріп жүр, мектеп оқушылары он бірінші сыныпта мектеп бағдарламасын игеруден қарағанда тест жаттауға көп көңіл бөледі. Өткен жылдары сынақ тапсырған кім-кімнен сұрасаңыз да 90 пайызы жаттаған тест сұрақтарын ұмытып қалған. Анығында түсінбей, тек сынақ үшін жаттағанын алға тартады. Ал, түсініп-білген тақырыптарын ешқашан естен шығармайтындарын айтады.

Сондықтан да тест жүйесі туралы пікір халық арасында екіге жарылған. Шындығында ескі жүйені қайта қалпына келтіруді қолдайтындар саны көп. Жыл сайын тест оқулықтары мен оқыту құралдарын жаңарту үшін бөлінген 500 миллиондай теңге қаржы, әр оқу жылы соңындағы жұқарған жүйке, көзден аққан жас, ең құрығанда соған сәйкесінше мида қалмаған білім болмаса бұл тестілеудің не керегі бар деуіміз заңды ғой.

Дегенмен, білім саласындағы билікте отырғандар бұл реформаны «Дұрыс, бұдан артығы жоқ» деп, осы сынақтан айнымай отыр. Ал Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы еліміздің білім беру жүйесіне 2004 жылдан бастап енгізілген. Содан бері әр жыл сайын сынақтың сауалдары толықтырылып, сұрақ саны, пән саны, жауап саны өзгеруде.

Айта кетейік, өзгерген реформа нәтижесінде 2017 жылы «Алтын белгі» алып, оқуға түсе алмадық деп шағымданғандардың шуы шықты. Нәтижесінде сол жылғы гранттар саны бастапқысынан 1487-ге көбейіп, алтын белгі иегерлері университеттердің, білім және ғылым министрлігі мен денсаулық сақтау министрлігі қаражаты есебінен оқитын болды. «Алтын белгіні» тағайындауды мектептің үлесіне берген министрліктің тағы бір қателігі емес пе деп қаласың мұндайда. Себебі, тамыр-таныстық пен жемқорлықтың иісі білім саласында анқымайды деп айтқымыз келсек те, өкінішке қарай айта алмаймыз.

Иә, өткен жылғы ҰБТ-ның шуы басылды. Алдыңғы жылдардағы оқиғаларды әңгіме қылып айтып отырмыз. Ал биылғы оқу жылының нәтижесі қайтадан ұстаздар қауымы мен түлектерді алаңдатуда. Уақыт жақындаған сайын жарғақ құлақтары жастыққа тимей, түн ұйқылары төрт бөлінген оқушылардың жай-күйіне қарасаң кішігірім соғысқа аттануға дайындалып жүргендей.

«Бұл ән – бұрынғы әннен өзгерек». Не айтқым келгені, айтпаса да түсінікті болар. Биылғы ҰБТ-ның тағы да өз ерекшелігі бар. Форматы баяғыдай. Оқуға түсуші дәстүрлі түрде 3 міндетті пән (Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы) және 2 бейіндік пән бойынша тестілеуден өтеді. Бірақ, биылғы жылдан бастап ҰБТ жылына 4 рет, яғни, қаңтар, наурыз, маусым, тамыз айларында өткізіледі. Жоғарғы оқу орындарының ақылы бөліміне оқуға түсуі үшін талапкерге жылына 4 рет өткізілетін ҰБТ-ның кез келгеніне қатысып, шекті балл жинауы жеткілікті. Ал мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау бойынша өтетін конкурсқа қатысу үшін міндетті түрде маусым айында өтетін Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысу қажет. Сонымен қатар, қаңтар, наурыз айларында өтетін тестілеуді талапкер ҰБТ өткізілетін өзіне ыңғайлы кез келген пунктіде тапсыра алады. Тек тестілеуге қатысу үшін ҰБТ өткізу пунктіне көрсетілген мерзімде өтініш беру қажет.

2017-2018 оқу жылы республика бойынша ҰБТ-ға қатысу үшін 102 447 мектеп бітіруші өтініш берген, оның ішінде қазақ тілінде – 77 224 (75%), орыс тілінде – 25177 (25%) және 46 ағылшын тілінде. Өтініш бергендердің ішінен 98 698 мектеп бітіруші тестілеуге қатысып, оның 14,6 мыңнан астамы жоғары оқу орынға түсу үшін қажетті ұпайды жинай алмады. Қарасаңыз, нәтиже көңіл көншітерлік емес.

Ал облысымыз өткен жылы ҰБТ-ға қатысу үлесі жағынан 99,35%-ды көрсетті. Яғни, 17069 түлек мектеп бітіріп, оның 16976-сы қорытынды аттестаттаудан өтті. 840 түлек «Алтын белгі» таңса, 654 түлек «Үздік аттестат» иегері атанды.

ТҮЙІН:

Он бір жыл жинаған білімін сын тезіне салатындар; біліміне сенбей, қойныңқонышын шпорға толтырып, сырттан көмек күтетіндер; бар білгендерін ұмытып қалатын оқушылардың биылғы нәтижесі енді белгілі болмақ. Уақыт таяған сайын «Реформашыл мемлекетіміздің сынақты бақылауға қойған қатаң талаптарының нәтижесі көрінер ме екен? Біліммен емес, тамыр-таныстықпен қалаған бағаларын алып шығатын түлектер саны қаншалықты боларын кім білсін? Облысымызда мектептен түлейтін 14 мыңдай оқушының нәтижесі қандай болмақ?» деген сынды сұрақтар да халық арасында көбейді.

Биылғы ҰБТ-ның «жыры» қалай басталып, қалай аяқталарын уақыт көрсетеді. Әліптің артын бағайық.

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ.

Дүйсенбі - Понедельник, 8 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Senbilik tan»
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPARAT
10.00, 03.00 «HIT QAZAQSTAN»
11.00 «Арта»
12.05, 21.50 Т/х «ҮЗІЛМЕС ҮМІТ»
13.15 BEINESAZ
13.35, 19.10 Т/х «Іздедім сені»
14.25 «SHANYRAQ»
15.55, 22.50 «Ертұғырыл»
17.15 ELDEN HABAR
17.30, 02.30 «MENIN QAZAQSTANYM»
18.05 «BALANYN KONILI…» деректі фильм
18.20 «ARNAIY JOBA»
18.40 «SERPIN»
20.55 «QAREKET»
23.50, 04.10 «TUNGI STUDIO»
01.00 Т/х «Достар»
01.25 Т/х «Қалампыр»
02.00 «Ұлт мақтанышы»
03.50 «АРНАЙЫ ЖОБА»
18.45, 03.00 Пендеміз ғой
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 «Невский »
22.00, 02.15«П@УТINA»
00.30 «Подкидыш»

КТК

07.05, «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.50 «Юрмала» повтор
11.45 Х/ф «Стикс»
13.30 Х/ф «Любовь по ошибке»
15.30 «Әйел қырық шырақты-2»
16.35 «Саодат». Т/х
18.00 «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат» ток-шоу
21.00 Вечерние новости
21.40 «Розыск-2»
23.30 Х/ф «Акварели»
01.20 Х/ф «Женский доктор»
02.00 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.20-04.10 «Әйел қырық шырақты-2»

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Апта (қаз)
09.50 Ән әлемі
10.00 Апта (рус)
10.50 Спорт тайм
11.15 Полиция қызметі
11.50 Ән әлемі
12.00 Зерде
12.50 Тарих.Саңырық батыр
13.00 Ән шырқайық
13.50 Д/ф «Добро пожалавать в Казахстан»
14.30 Концерт «Әнім менің – Алашым»
16.20 Разрушение мифов.
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Әкім сағаты Тікелей эфир
20.00 Бай қуатты болайық
20.30 Жаңалықтар
21.00 Туржорық
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күн»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40, 06.00, 12.30 Сериал «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 23.00, 05.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
10.30, 21.00 Сериал «Махаббатым, кеш мені»
14.30 М/с
16.10 Х/ф «Приключение тинтина»
18.00 Сериал «Кухня»
00.30 «WhatsUp?»
02.00 «Келіндер байгесі»
02.40 Әзіл студио
04.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00 «Айнаонлайн»
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00 М/ф
10.50, 01.00 «Юрмала»
13.30 Скетчком «Q-елі»
15.00 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 Х/ф «Без изъяна»
18.50 Т/х «Жаңа келін»
21.00 Лотерея 777
21.05 «Келінім сен тыңда»
21.40 Сериал «Мажор-3»
23.50 «Спецотряд Кобра 11»
03.45 «Өз ойым»
05.00 «Жеңіп көр»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.30 «Өз үйім-2»
10.25 «Журналистік зерттеу» циклінен деректі фильм
10.45 Премьера!!! National Geographic представляет «Марс»
11.30 «Символы нашей Родины»
12.10 «Алтын бесік»
12.40 «Қайсар жандар»
13.10 «Самара» сериал
15.00 «Давайте говорить!»
15.50, 00.10 Т/х «Батыл жүрек»
16.45 «Тағдыр тартысы»
17.15 «Бір туынды тарихы» циклінен деректі фильм
17.45 «Bilim»
18.15 Т/х «Ережесіз әңгіме»
19.00 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
20.00, 23.40 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 «Бөрі» Т/хсы
22.20 Сериал «Королева ночи»
23.10 «Бетпе-бет»
01.10 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «KazNet»
07.00,21.00 «Таңдауым сен» Т/х
08.00 «Избранное за неделю»
09.00 «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00 «Келін бақыты»
13.00 «Ел аузында»
14.00 Күндізгі жаңалықтар. Тікелей эфир
14.15 «Біздің уақыт»
15.00 «Баллада о Бомборе»
17.30 М/ф
18.00 «№309» түрік Т/хсы
20.00, 03.00 Жаңалықтар
20.30, 03.30 Новости «20.30»
00.00 «Келіндер» жобасы
01.00 «Қара нан»
02.00 «Көріпкел»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ӘН ДАРИЯ»
06.40, 04.00 «Той заказ»
07.10 «TAMADA BATTLE»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Поле чудес»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «На самом деле»
15.55 Сериал «Карина красная»
16.55 «Пусть говорят»
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

Сейсенбі - Вторник, 9 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00 AQPARAT
10.00 «HIT QAZAQSTAN»
10.55 «Элвин мен Алақоржындар»
11.15 «Kim bilgir?»
12.05, 21.50 Т/х «Үзілмес үміт»
13.00, 17.00, 20.00 AQPARAT
13.15 «Beinesaz»
13.35, 19.10 Т/х «Іздедім сені»
14.25 «SHANYRAQ»
15.55 Т/х «Ертұғырыл»
17.15 ELDEN HABAR
17.30 «Jan jylyy»
17.50 «Kim bilgir?»
18.35 «KONIL TOLQYNY»
20.55 «QAREKET»
22.50 Т/х «Ертұғырыл»
23.50 «TYNGI STUDIO»
00.30 «Jan jylyy»
00.50 Футбол
03.00 AQPARAT
03.50 Т/х «Достар»
04:20 Т/х «Қалампыр»

ХАБАР

06.00, 02.00 Әнұран
06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.00 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
10.30, 19.30 Т/х «Өз үйім»
11.10, 22.20 Т/с «Королева ночи»
12.10 «Бабалар ізімен»
12.40 «Қайсар жандар»
13.10 Т/с «Самара»
15.00 «Давайте говорить»
15.45, 00.10 «Батыл жүрек»
16.45 «Мектеп»
17.15 «Ұлы дала өркениеті»
18.00 «Народный контроль»
18.15 «Ережесіз әңгіме»
20.00, 23.40 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Бөрі»
23.10 «Сана»
01.10 «Тағдыр тартысы»
01.40 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 20.00, 03.00 Жаңалықтар
06.30, 20.30, 03.30 Новости «20:30»
07.00, 21.00 «Таңдауым сен»
08.00, 17.30 Мультфильм
08.30 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
12.00 «Келін бақыты»
13.00 «Ел аузында»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.20 «Moneytime»
14.40 «ТенгеманияNEXT»
15.00 Т/с «Баллада о бомбере»
18.00 «№309 түрік телехикаясы»
00.00 «Келіндер жобасы»
01.00 Т/х «Қара нан»
02.00 «Көріпкел»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ән Дария»
06.40, 04.00 «Той заказ»
07.15, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Штрафник»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «На самом деле»
15.55 Х/ф «Карина Красная»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 03.00 «Кеш қалмайық»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45 Т/с «Невский»
22.00, 02.15 «П@УТINA»
23.00 Т/с «Невский»
00.30 «Подкидыш»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.50 Новости
10.30 «Розыск-2»
12.30, 23.30 Х/ф «Акварели»
14.30 Х/ф «Восточные сладости»
15.30 «Әйел қырық шырақты-2»
16.35 Т/с «Саодат»
18.00 Т/с «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Розыск-2»
01.20 Х/ф «Женский доктор»
02.00 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.20 «Әйел қырық шырақты-2»
04.10-04.30 «КТК қоржынынан» ойын-сауық

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ем болсын
10.20 Бай қуатты болайық
10.50 Телесериал «Ақ күн»
12.00 Шашу
12.50 Туржорық
13.15 Д/ф «Қаһармандар»
13.50 Концерт «Әнім менің жан серігім»
15.35 Цикл «Зеленый сисок»
16.05 Д/ф «Қарыздар ұрпақтан...»
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Тұжырым
19.30 «Оқырман» әдеби клубы
20.15 Net.laik
20.30 Жаңалықтар
21.00 Тарих парақтары
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күн»
23.00 Жаңалықтар
23.25 роликтер
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40, 06.00, 12.30 Т/с «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «Информбюро»
08.00, 23.00, 05.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
10.00 «Маша и медведь»
10.30, 21.00 Т/с «Махаббатым кеш мені»
14.30 М/с «Аладдин»
15.30 Т/с «Воронины»
18.00 Т/с «Кухня»
00.30 «WhatsUp?»
02.00 Келіндер бәйгесі
02.40 Әзіл студио
04.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00, 18.50 Т/х «Жаңа келін»
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00, 21.40 Т/с «Можор-3»
11.15, 01.00 «Юрмала»
13.30 «Q-елі»
14.00 «Бастық боламын»
15.00 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 Т/с «Беги»
17.45, 23.50 «Спецотряд Кобра 11»
21.00 Лотерея 777
21.05 «Келінім сен тыңда»
03.45 «Өз ойым»
05.00 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 10 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.00 AQPARAT
10.00 «HIT QAZAQSTAN»
10.55 «Элвин мен алақоржындар»
11.15, 17.50 «Kim bilgir?»
12.05, 21.50 «Үзілмес үміт»
13.15 «Beinesaz»
13.35, 19.10 Т/х «Іздедім сені»
14.25 «SHANYRAQ»
15.55, 22.50 «Ертұғырыл»
17.15 ELDEN HABAR
17.30 «AQSAYYT»
18.35, 00.30 «Konil tolqyny»
20.55 «QAREKET»
23.50 «TYNGI STUDIO»
00.50 Футбол
03.50 Т/х «Достар»
04.20 Т/х «Қалампыр»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.00Т/х «Мезгілсіз махаббат»
10.30, 19.30 «Өз үйім-2»
11.10 «Королева ночи»
12.10 «Важно знать »
12.35 «Қайсар жандар»
13.10 Т/с ««Двойная жизнь»»
15.00 «Давайте говорить»
15.50, 00.30 «Батыл жүрек»
16.50, 01.30 «Тағдыр тартысы»
17.30 «Өмір жолы»
18.00 «Біздің назарда»
18.15 «Ережесіз әңгіме»
20.00, 00.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 «Бөрі»
22.20 «На крыльях любви»
23.10 «Ұлы дала өркениеті»

АСТАНА

06.00, 20.00, 03.00 «Жаңалықтар»
06.30. 20.30, 03.30 Новости «20:30»
07.00, 21.00 «Таңдауым сен»
08.00, 17.30 Мультфильм
08.30 «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
12.00 Т/х «Келін бақыты»
13.00 Шымкент шоу
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.20 «Moneytime»
14.40 Тенгемания
15.00 «Баллада о бомбере»
18.00 Т/х «№ 309»
00.00 «Келіндер бәйгесі»
01.00 «Қара нан»
02.00 «Көріпкел»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ән дария»
06.40, 04.00 «Той заказ»
07.15, 18.00, «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Штрафник»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «На самом деле»
15.55 «Карина Красная»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 03.10 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Невский »
22.00, 02.15 «П@УТINA»
00.30 Ночной кинотеатр. «Подкидыш»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.50 Новости
10.30, 21.40 «Розыск-2»
12.30, 23.30 «Акварели»
14.30 Х/ф «Восточные сладости»
15.30, 03.20 «Әйел қырық шырақты»
16.35 «Саодат»
18.00 «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
01.20 «Женский доктор»
02.00 Т/х «СүйіктіДениз»
04.10-04.30 «КТК қоржынынан

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ем болсын
10.20 Тұжырым
10.50 Телесериал «Ақ күн»
12.00 Шашу
12.50 Тарих парақтары
13.10 «Оқырман» әдеби клубы
14.00 Концерт «Жетісу жұлдыздары»
15.45 Д.ф «Путешествие воды».
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Ұлт пен рух
19.30 Құтты қонақ
20.15 Ән әлемі
20.30 Жаңалықтар
21.00 Арнайы репортаж
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күн»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40,06.00,12.30 Сериал «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «ИНФОРМ-БЮРО»
08.00, 23.00, 05.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
10.00 М/с
10.30, 21.00 «Махаббатым, кешмені»
14.30 «Алладин»
15.30 «Воронины»
18.00 Т/с «Кухня»
00.30 «WhatsUp?»
02.00 Келіндер бәйгесі
02.40 Әзіл студио
04.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00,19.00 «Жаңа келін»
08.00, 20.00, 03.00 «Элиф»
09.00 «Мажор-2»
11.15, 01.00 «Юрмала»
13.30 «Q-елі»
14.00 «Бастық боламын»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 «Беги»
17.45, 23.50 «Спецотряд Кобра 11»
18.50 Лотерея 6/49
21.00 «Келінім сен тыңда»
21.40 «Балабол-2»
05.00 «Жеңіп көр»

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

«ДӘРІГЕР МІНДЕТІ – АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ»

«Басы ауырып, балтыры сыздаған жанның бәрі дәрігерге барары хақ. Шықпас жанға себепкер болатын да дәрігер. Адам жанының арашасы аталған мамандардың қай-қайсын да ардақтауға тұрарлық. Білімі мен білігін ұштастыра білген бес аспап маман да осылардың арасынан табылады. «Қай жерің ауырса, жаның сол жерде тұрады» демекші, ауыздағы отыз екі тістің қадірін қақсағанда біліп жүрміз ғой. Осы мамандықты игеріп, көптің қошеметіне бөленген, еңбек жолын қатардағы дәрігерден бастап, лауазымды қызметкер дәрежесіне жеткен, тіс емханасында елеулі еңбек сіңіріп, кезінде Талдықорған облысы болып тұрғанда тіс емханасын заманауи техникалармен жабдықтап, алдыңғы қатарға шығарған Қанат Сапажанұлы Сапажанов туралы бір үзік сыр айтуды жөн көрдік.

Ардагер ағаның бірінші сәуір туған күні. Жетпіс алты жасқа келген ақсақалды туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Алақаны шипалы, көргені көп, көңілге тоқығаны одан да көп кәнігі дәрігермен науқастанып, «Құрақты» емханасында ем алып жүрген жерінен жолығудың сәті түсті. Сонау бала кезімізде «Дәрігерлер ауырмайтын шығар, өз тәнін өздері емдеп алады, дәрі-дәрмектің бәрі қолында», - деп қиялдайтынбыз. Сөйтсек мұның бәрі жалған екен. Құдіреті күшті бір Алланың қолында екенін, өмірді де, өлімді де, түрлі сынақты жіберетін бір Құдай екенін ес біліп, етек жапқанда білдік қой. Оның үстіне кешегі кеңестік идеология «Құдай жоқ» деп санамызды улап, күн көсемді құдай көріп табынғанымыз да рас-ты.

– Аға, науқастанып қалыпсыз, Алла шипасын берсін. «Сексен көрейін деген жасым ба еді, быламық жейін деген ассым ба еді?» деген екен баяғыда бір қария. Сол айтпақшы, ақсақалдық жасқа жетіп, сары тісті болғанда, аурудың жаманы шаншу деуші еді, науқасыңыз сол емес пе?

– Әй, балам-ай, аурудың қайбірі жақсы дейсің. «Жазым болса, быламыққа да тіс сынады» деген тәмсіл бар. Кәрінің дерті біте ме? Бұтағы арсайған, кәрі ағаш дауыл тұрмақ, жел соқса солқылдайды ғой. Бізді қойшы, өрімдей жастардың ауруы асқынып тұрған жоқ па? Жүрек, бүйрек, қант, қан қысымы қыл аяғы ауыздарындағы тістері де бүтін емес деп, сыздаған жараның соқтасын жарып жіберді.

– Дәрігердің біреуі өзіңізсіз. Бүгінгі медицинаға көңіліңіз тола ма? Өзіңіз баулып өсірген шәкірттеріңіз бар шығар. Оның үстіне бүгінгі дәрі-дәрмектің күшқуаты да солғын. Қысқа мерзімді емдеу, жекеменшік аурухана бар, бәрі ақшаға тәуелді, сапа жолда қалды, – дедім.

Ширығып, көзілдірік астынан қарап отырған ардагер дәрігер тілдің тиегін ағытты: Көне гректердің философы Сократ айтып кеткен: «Үш мамандық, оның ішінде дәрігер, мұғалім тек Құдайдан» деп. Енді менің шәкірттерімнің ішіндегі нағыз дәрігерлік мамандыққа берілген бірі де бірегейі – Қызырхан. Бұл сияқты азаматтар өте аз. Кеңес Үкіметі құлағаннан бері қарай біртала уақыт өтті. Ол кездегі медицинаның дамуы өзі бір кезең болды. Ол кезең мен қазіргі кезеңді салыстыруға келмейді. Жалпы медицинаның бағыты – аурудың алдын алу. Ол дүниежүзілік медицина қауымдастығының өзінде де мойындалған. Америка Құрама Штаты Совет Үкіметінің медицинасын өзіне кіргізіп алды да, бізге жарамайтын қалдықтарын лақтырып тастады. «Біреудікі біреуге қыз көрініпті» дегендей, батысқа еліктейміз деп солардың заңын да, зәнталағын да сүзгіден өткізбей өзімізге жұқтырып алдық. Сонын бірі – мынау портал, он күндік ем-дом. Егер кәнігі маман кадрлар мен заманауи технологиямен толықса жекеменшік емхана, аурухана болуға мен қарсы емеспін. Жекеменшік тұрмақ, мемлекеттік бюджеттен қаржыланатын ауруханаларда да аурудың алдын алу саласы кенжелеп қалды. Советтік кезеңде әрбір аудандық аурухана түгіл, кішкентай медпункттің өзінде орта білімді тіс дәрігері отыратын. Олардың барлығының жұмысы сол шаруа адамдардың тісін қарап, алдын алу шараларын жүргізетін. Мектептерде тіс дәрігері отыратын.

«Құрақты» емдеу орталығының бас дәрігері Қызырхан ДАУЫТОВ: Қанат Сапажанұлының стоматологияға қосқан еңбегі өте зор. Біз жап-жас боп, оқу бітіріп келгенде осы кісіден тәжірибе алдық, білмегенімізді үйрендік. Медицинаның үлкен өмір мектебінен өттік. Ағадан алған тәлім-тәрбиеміз аз болмады. Осы ағалардың шекпенінен шығып, облыстық тіс емханасынан түлеп ұштық. Нар тұлғалардан алған тәлім-тәрбиемізбен халыққа қызмет етудеміз және әлі де қызмет етеміз! Ағаның деніне саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

1979 жылы қалалық тіс емханасының бас дәрігері болып тағайындалдым. 1980 жылы сол тіс емханасын облыстық дәрежеге көтердік. Штат көбейді, бүкіл облыстық емханаға қатысты құрал-саймандары бір қолға үйлестірілді.

Тіс емханасының 300-ге жуық атаулары бар. Осының барлығы жөнге келтіріліп, 1981 жылдан бастап ауылшаруашылығында жүрген шалғай аудандардағы орталық тұрмақ, малда жүрген малшылар мен механизаторлар егіс басында тістерін емдедетін. Олар алтыннан тіс салғызатын. Үкіметтің алтыны арзан әрі таза болатын. Сол шаруаларға қолжетімді болу үшін облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы марқұм Лұқпан Нұрғазинұлымен келісіп, механизаторлар ауылшаруашылығында жүрген адамдарды бірінші кезекте, Ұлы отан соғысына қатысқан ардагерлерді кезексіз қабылдап, тістерін емдеп, сұраныстарын өтейтінбіз. Қазір соның бірі жоқ. Ақшаң болса емделесің, жоқ болса, кетік ауыз кемпірауыздай таңдайдағы тамағыңды шайнап жұта алмайсың.

Кеңестік кезеңде тістерін емдету үшін бізге алтынның арзандығын біліп шетелден емделуге әрі тіс салғызуға келетін. Ол кезде бір грамм алтын – 12 сом. Ол енді өте арзан. Ал, механизаторлардың айлық жалақсысы 100, 200, тіпті науқан уақтында кейбіреулері 300 сомнан алған комбайншылар болды.

Тіс емханалары Алакөлден, Сарқаннан, Көксудан, Панфиловтан, Текеліден бастап, барлық аудандарда халыққа қызмет көрсетті. Тіпті балалар емделетін тіс емханасын аштық. Қаланың қазіргі 4 шағын ауданында әлі істеп тұр. Сол, тіс емханасының проектісін жасатқызып, 1982 жылы Дінмұхамед Қонаев келіп өзі ашып ризашылығын айтып кеткен, – деген Қанат ағамыз бүгінгі медицинаға деген көзқарасын да жасырмады.

– Қазіргі медицинаға елдің қолы жете бермейді. Портал деген пәле шықты. Оны сарылып күтеді. Кезегі келгенше өліп кетуі де мүмкін. Ондай жағдайлар көп кездеседі. Бұл – менің жеке пікірім. Салыстырмалы түрде алып қарасақ, бұрынғы жүйе дұрыс болды. Қазір мысалы ауруханаға 10 күн жатасың, 10 күннің ішінде сізді айықтыңыз ба, айықпадыңыз ба айдап шығады. Науқасыңыздың асқынған түрі басылса болды. Бұрын ауруды сауықтырмай, емханадан шығармайтын. Мысалы, кейбір аурулардың өзінің бір уақыты бар, 30-40 күн емдейтін.

Ал елді мекендерде денсаулық саласы әлі ақсап тұр, мамандар жетіспейді. Ең сорақысы балаларға қатысты педиатор мамандығын жоғарғы оқу орындарында жауып тастады. Педиаторлар жетіспейді, ал бітіріп барған мамандардың көбісі ештеңені білмейді, ақшамен оқығандар. Ескіні аңсағаным емес, кеңес үкіметі кезінде жалпы медицинада конференциялар өтіп тұратын. Әрбір науқастың, әрбір аурудың түрін жеке-жеке талдайтын. Дәрігерлер білімін жетілдіретін, түрлі сынақтардан өтетін. Сонау Москва, Украинадан, басқа мемлекеттер мен қалалардан айтулы дәрігерлер келіп тәжірибе алмасатын. Агитбригада болып елді мекендерді, шаруаларды аралайтынбыз. Түрлі технология алдық дейді, соны игеретін мамандар жоқ, қаңтарлып тұр.

Медицинаны ақылы оқытудың өзі үлкен қателік. Мұнда білім жоқ. «Мұрның қайсы десең, құлағын ұстайды». Ол жалғыз медицина емес, бүкіл білім саласында солқылдап тұрған жара. Енді білім болмағаннан кейін қандай сапа күтесің. Дәрінің бағасы апта сайын өседі. Дәрілердің анықтамасын оқи да алмайсың, өте ұсақ әріптермен бір метр қағазға жазылған. Совет үкіметінде дәрінің жарамдылық мерзімі 10 жылға дейін болған. Олар өндіріске енгенге дейін қоянға, тышқандарға тәжірибе жасайтын. Ал қазіргі дәрі-дәрмекті білмейсің, асқазанға деп ішсең ертең бүйрегің ауырады. Жалпы, антибиотиктерге байланысты көңіл толмайды, – дейді.

Қанат Сапажанұлы айтқандай, бүгінгі медицинаның көлеңке тұстары жайлы айтылып та, жазылып та жүр. Әсіресе, кадр мәселесінде тұралап тұрған саланың бірі де осы медицина. Білікті маманның жоқтығынан перзентханалардағы аналар мен балалар өліміне дәрігерлердің тікелей кінәсі бар. Тіс емханаларындағы кісі өліміне де жол берген – дәрігерлер. Шыбын жанына шипа іздеп келген дертті жандарға әу баста дұрыс диагноз қоймайды, жан-жақты сарапталмай, ағаттыққа жол беріп, артынан арыз жазып дәрігер деген атқа кір жұқтырып кеткендер де бой көрсетіп жүр. Білім мен біліктілік ұштаспаған сәтте әрі адамның тағдырына жауапты маманның өз ісіне немкеттілікпен қарауы медицинаның басына қара бұлт үйіріп тұрғанын білдіреді. Жемқорлықтың бір ұшы осы медицина саласында жатыр.

ТҮЙІН

Қанат ағаның туған күні құжат бойынша – бірінші сәуір. Ал, өзінің айтуынша өмірге наурызда келіпті. Ата-анасы мал шаруашылығында жүріп, туған балаларына уақтылы құжат алмапты. Бұрынғы кезеңде жұмысбасты пенделердің бәрі сондай-ды. Ағаның да ата-анасы туу туралы құжатты кешеуілдетіп алыпты. Тіпті ағамыз атжалын тартып, қызметте жүргенде анасына жора-жолдасымды туған күнге шақырамын, қазан көтеріңіз деп, аста-төк дастарқан дайындап, жолдастарын шақырса, «бірінші сәуір алдайтын күн», - деп ешкім келмей қойыпты. Ертесі келген жолдастарына құжатын көрсетіп, бірінші сәуір туған күні екенін дәлелдепті.

Айтақын МҰХАМАДИ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Ұзақбай ДОСПАНБЕТОВ

АРАША

***

Қараңғысай бұл Шаған таудың бүкіл бітіміндегі алаботен жаратылыс. Құндақбайдың туып-өскен ауылы Күркілдек, осындағы Күркілдек сайының атауына орай аталған. Күркілдек Шаған таудың шығыс бетінде де, ал батыс бетте Жалаулы атты жеке-дара асу және бар. Күркілдекпен көтерілсең Шағанның Ақтау делінетін шоқысына тап боласың. Сол Ақтау арқылы Көксу бағытына қарай асып түсуге бағдар сілтейтін сүрлеу, соқпақтар және табылады. Міне, сол асқан жерде Қараңғысайға қарай құлау оп-оңай. Күндіз ашық аспан жағдайында да қаракөктеніп, күңгірт тартып жататын бұл сайдың іші ит тұмсығы батпас қалың жынысты тоғай. Қарағайдың неше алуаны, қайың, жабайы алма, ырғай, үйеңкі, емен, үшқат, көктерек дегендерің иін тіресіп, көлеңке беріп, осындағы тіршілік атаулыны қымтап, қалқалап тұрғандай. Аю мен арқар, құлжа мен марал, қабан мен елік, түлкі мен борсық сияқтылар жұбы жазылмас егізектердей қатар өріп жүреді. Аяқтың астында жұмсақ төсенішше былқ-былқ ететін қалың жапырақтардың бетінде жыбыр-жыбыр ететін кесірткелер, құрт-құмырсқалар, басқа да атаулары белгісіз жәндіктер бір-бірімен айқасып-ақ жатады. Жеміс ағаштары, таңқурай, бүлдірген, қарақат тәрізділер өзінше бір әлем. Шет-шеттегі жықпыл тастарда бұл жаратылыста сирек ұшырайтын ұлар құс пен орақтұмсық ұя салады.

Ия, сол Қараңғысай бүгіндікке Құндақбай тобын паналатар ұяға айналмақ. Ал өздеріне қарай өрмелеген қызыл әскерлерге қарсы тап қазіргі халде ұрыс салу қисынсыз көрінді. Орыс офицері Фома Клещов та Құндақбайдың осы ұсынысын мақұлдады. Тек әлгі Ақтау атты биік шоқыға көтерілер тұста Құндақбай бұл жоспардан кілт айныды. Туған өлкенің биік таутасты тұлғасы бұған өзгеше ой салды. Ақтауға көтеріліп, одан Қараңғысайға апаратын жарты шақырымдай жалғызаяқ жолдың өне бойына сығалай қарағанда бөгде бір амал-әрекеттің нобайы өсіп шыға келді.

Құндақбайдың дүрбісі бар. Ақтаудың ең ұшар биігіне жалғыз өзі көтерілді де төмендегі, өздерінің соңынан өрмелеген қызылдардың бас-аяғын шамалады. Айналасы жиырма шақты адам, есесіне мұздай қаруланған, егер Құндақбай тобы Қараңғысайға түсіп, жүз жасырса мыналар ойдағы елге қайта оралып, тіпті жаман ойран салмай ма? Құндақбайдың ел қорғағандағы сыйқы сол ма? Осындай атты күнде діні бөлек, орыс офицеріне де сену қиын. Сондықтан да өздеріне қарай жыланша ирелеңдеген жиырма шақтыға осы Шаған тауынан, Ақтау шоқысы маңынан топырақ бұйырса ең сауабы мол іс сол емес пе?

Ұзақ ойланып-толғануға уақыт тар:

– Әй, туысқандар! – деген Құндақбайдың даусы жартастағы бүркіттің шаңқылына ұқсады. – Нар тәуекел! Бір қасаптың иісі мұрын жарып барады! Мен Ақтаудың осы биігінде омаламын! Сендер осы тұстан Қараңғысайға апаратын жарты шақырымдық жалғыз аяқ жолды көріп тұрсыңдар ғой. Біз Қараңғысайға құласақ мына соңымыздан өңмеңдеген қызылдар да сол жалғыз аяқ жолмен қозғалады. Өзге сүрлеу, соқпақ жоқ. Әрі олар үшін көрмеген жердің ойшұқыры көп деген бар. Олардың анау-мынау оралымсыздығыда бізге қолқабыс! Сендер дереу сол жолдың екі қапталына шашырай бекініңдер! Тарғыл тастар мен бұта-ағаштарды қалқаланыңдар! Мыналар тым жақындағанда мен де сендерге қосыламын! Менің алғашқы атқан оғым сендер үшін белгі болсын! Дәл көздеп, әрқайсымыз екі-үштен сыбаға бөліссек бұл жиырма шақтының әп-сәтте жігі бұзылып, шаппа шоттың астындағы жыландай туралары сөзсіз!

Құндақбай ала көзімен бір атып, осылай зіркілдегенде ешкім жақ аша алмаушы еді. Қазір де солай болмаққа ұқсаған, тек Құндақбайдың өз інісі Мырзақбай қайрат тауып, ол да шақ-шұқ етті:

– Құнанжаным-ау! Бұл қызылдарды жол білетін біреулер бастап келе жатқаны байқалады ғой! Сол жағын кәперге алдың ба?

– Әбден-ақ алдым! Болды, сөз тәмам!

Баршасының Құндақбай белгілеген тәртіппен орналасуына көп уақыт кетпеді. Әлгі Ақтаудан Қараңғысайға апаратын жарты шақырымдық жалғыз аяқжолдың екі қапталы теңкиген тастарға, көк, сұрғылт, қара күңгірт түсті бұталарға толы еді. Солардың тасасына бұғынған мына қазақтардың олпы-солпы киімдері де сол бұталар түстес болғасын да бұларды көзі қырағылардың өздері қапелімде ажырата алмастай. Бәрінде дерлік қару бар, Құндақбайдың аузынан ұшқан «сыбаға бөліссек» деген тіркес алдарына тартылған астай жұғымды көрініп, тәбеттерін де оятқандай. Тек бәрі орын-орындарын тауып, қаруларының шүріппесін кері тартып, Құндақбай ататын алғашқы оқтың дыбысы естілгенге дейінгі уақыт жылдай ұзақ көрінді. Жалпы осы кішкентай оқиғадан-ақ түз тағысы Құндақбай Төлендіұлының өз төңірегіндегі үлкен-кішіге ықпалының зор екені танылатын еді. Бәрінің де ошарылмай тез, әрі қатаң тәртіппен, қақ-соқсыз жайғаса кетуі, адам мен табиғаттың бір бүтін дүниеге айналып, басы артық ешбір белгінің білінбеуі соны ырғамай ма?

Қызыл әскерлер шоғыры төбелері шошайып, Ақтаудың етегінде табан астындағы тастарды шақ-шұқ еткізіп, бой түзеп тұра қалды. Сірә, олардың ішінде жергілікті тұрғындардан шыққан жол нұсқаушы сатқын бары бірден-ақ айғақталды. Шаған таудың төбесінде олар көп тұраламады, бірден Ақтауға көтерілді де онда да «көрмеген жердің ой-шұқыры көптігін» ойлап, тосырқамай, бірден әлгі Қараңғысайға апаратын жалғыз аяқ жолға беттеді. Бұл шақта Құндақбай Ақтаудан әрі аунап кетіп, өзіне ертеден мәлім сыралғы достың көзіндей мөлдіреген жалғыз аяқ жолдың өнебойы жақсы шалынатын бір тарғыл тастың тасасын иемденіп үлгерген. «Ия, алла істің сәтін сал» дейді ішінен.

Қызылдар шоғыры енді шұбатылған жуан арқанға ұқсап, жалғыз аяқ жолмен көрер көзге сұлбаларын молынан тосып, қозғалып бергенде Құндақбай атқан оқ алдыңғы бөліктегі киімі, қару-жарағы тәуірлеу біреуді қалпақтай ұшырды. Ол аяғының астындағы құзға қарай құлаған. Ал қалғандары әрқайсысыінң ту сыртынан әлдекімдер келіп, қақ бастан қойып қалғандай көкордалары бұлғаң етті. Міне, сол мезетте екі қапталдан зулаған оқтар қызылдар тізбегін әлгі Құндақбай айтқандай «шаппа шоттың астындағы жыландай турап» жатты. Бұл көрініс Құндақбай тобындағылардың мәңгі-бақи естерінде қалды. Кейінгі талай дырдуманға тамызыққа жарады.

Қызылдардың оқ тигендері де, тимегендері де бері ойға құлады. Ал қазақтар үшін қашанда оқ, оның ішінде зауыт оғы қымбат қой. Сосын да оны текке рәсуаламай, мына құлағандардың тірілерін, жараланғандарын жандарына байлаулы қолтоқпақтай айбалталарымен шапқылап тастамақшы. Осы аралықтағы болымсыз іркілісті пайдаланған әккі қызылдардың бес-алтауы қашып үлгерді. Іштерінде әлгі сатқын қазақ та кетті.

Осындай атыс-шабыс, даңғаза айғай-шу ортасында өзін сергек ұстаған тек Құндақбай ғана. Ол Шаған таудың үстінен төнген көксеңгір аспанды қақ жарардай айқын даусымен жарлық шашты:

– Мына өлекселерден мылтық, берденке, оқ, пышақ, тағы басқа темір бұйымдарды олжалаңдар! Апиын, темекі, арақ-шарап табылса оларды да әкетіңдер! Өзгесі қасқыр, шиебөрілердің, қарға-құзғындардың тойына тартылсын! Тез! Қараңғысайдың тұңғиығына сүңгиік! Осы қалпымызбен! Тегіс!

Ия, бұл Құндақбайдың қызылдарға қарсы ұйымдастырған ең алғашқы қанды қасабы еді. Кейін бұл түз тағысы осы науқанда бір қателік жібергенін ұқты. Қызылдар Шаған таудың биігіне қарай едәуір жерге дейін атпен көтеріліпті, тек мал үшін жол қиындағанда ғана жаяулатыпты. Әлгі қашып құтылған бес-алты жансебіл жолай сол аттарға мініп, артылғанын алдарына салып, дүркірете айдап әкетіпті. Дұрыс ойластырса сол жарамды мініс аттарын да қолға түсіруге болғандай екен.

***

Қараңғысайдың күн көзі түгіл, мардымды жарық та бара алмайтын тұңғиығында бұл түздіктер тобы бие сауымындай уақыттан соң ғана тоғысып, мауқын басты. Бірақ жеңілейген ешқайсысы жоқ. Бәлшебектердің бақайшығына дейін қаруланған он бестей сайыпқыраны тапа-тал түсте мыналардың оғынан жер жастанды. Жасырып бүркемелей салатын оңай-оспаққа жатпайды. Жан сауғалап қашып үлгерген тірі куәлері әне кетті. Енді мұның қарымтасы қалай болмақ? Міне, осы сұрақ мұз кесектей қай-қайсысының да көкіректеріне орнықты. Кешегі ақтар, бүгінгі қызылдар қазақтардың мұндайлық тұяқ серпісін ешқашан өтеусіз қалдырған емес. Тіпті қара халықтың, кедей-кепшіктің қамын ойлаймыз деп бұлбұлша сайраған бәлшебектердің тырнағы ақтардан гөрі әлдеқайда қаттырақ бататынын мына сығырлар естіген де, әрі көрген де. «Көргенде ақтан емес, қызылдың өзінен көрдік қой» деген мәтел сөз де тап сол бір жылдарда шығып еді. Ия, ауыр үнсіздік зіл қара тастай бәрін желкеден басты. Осы халді Құндақбай Төленді баласы дәл аңғарды да уақыт оздырмай одан арылудың шарасын қарастырды:

– Әй, жігіттер, неден мойындарыңа су құйылды? Нағыз қанды аласапыранның кезегі алдан шықса не қам қыласыңдар? Көтер басты, қорқынышты жолдас етпе! Мана осы бәлшебектер шоғырының төменнен өрмелегенін шалар қарсаңда нені көздеп едік? Соны қаз-қалпында құдай жазса, дәлме-дәл жүзеге асырамыз!

Бүгіннен бастап тағы үш күн, үш түн Құндақбай мен оның айналасындағы «содырларға» құдай өзі бағыт сілтеп, істерін оңға бастырып, қолқабыс жасап тұрғанға ұқсады.Мұндай сәттілікті ешқайсысы бұрын-соңды көрмегендей де. Сол күні Фома Клещов кеш батып, тас қараңғылық бүркегенше қызылдардан олжалаған «трофей» қару-жарақты саралап, сынақтан өткізіп, бұзылғандарын жөндеп, осындағыларға жеткенінше үлестірді. Ал ертеңіне тез қамданған бұлар бұрын Қытай сапарына қатысқан екі-үшеуді іріктеп, әрі Фома Клещовтың қанды көйлек достарын да тауып, онсыз да астарынан су шыққандай секеңдеген екі-үш ауылды, әрі Құндақбай мен Мырзақбайдың өз жанұяларын мал-жанымен дүрк көтеріп, бәрін топтап жымын білдірместен шығысқа қарай, Шаған, Қотырқай, одан әрідегі Сатылы сайы арқылы Қытай шекарасына қарай қозғап кеп жіберді. Мұндағы бұрын Қытай сапарына қатысқан екі-үшеудің бірі Құндақбайдың тапсырмасы бойынша тез кері оралып, бұл шоғырдың Құлжа қаласында осы Төленді баласы қалдырған адамдармен беттескенін хабарлап еді.

Ал осы шарамен бір мезгілде Құлжатай бастаған, ішінде әлгі Құндақбай атаған әкелі-балалы Жәкіжан мен Жүнісбай, Жәкіжанға етене дос Манасбай, тағы екі-үшеу бар топ Тастыөзекте отырған Нұрбек байға барып, соңғы мән-жайдың бәрін ашып, Нұрбектің жылқы, сиыр сияқты ірі қараларының қайда екенін анықтап, оларды өзге сүрлеу-соқпақпен Қазақ ордасы мен Қытайдың екі ортасындағы

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

шекара бекеті іспеттес Қорғасқа қарай тырқырата қуды. Кейін белгілі болғанындай олар да осы малды шашау етпейарғы бетке дұрыстап-ақ өткізген екен. Әлгі уәкіл мен Елдос ауылнай айналасындағы топ Нұрбек байды кәнпескелеуге келгенде ірі қара атаулыдан таза тақырланып қалған мұны бірден қылкеңірдектен алды. Нұрбек бай ант-су ішіп аттан салды:

– Менің қызыл өкімет алдында мысқалдай да жазығым жоқ! Бәлшебектердің бақайшығына дейін қаруланған солдаттарын сонау тау басында турап салған Құндақбайға қарсы тұрар мен де шама қайда? Әне, барып көріңдер! Шаған таудың биігінде, Ақтаудың түбінде қасқырлар мен шиебөрілер, сол мылтықты бәлшебектердің сүйек-саяғын кеміріп жеп, ұлан-асыр той жасап жатыр дейді. Қара қарғалар, құрт-құмырсқалар, тағы басқалары олар да мәре-сәре деп, барып көзімен көргендер жырлап таусқар емес! Уәкіл мырза-ау, әй, Елдос, осы сендерде көрер көз бар ма? Мықты мен әлсіздің ара жігін ажыратуға ақыл-парасаттарың жетпей ме? Көздеріңді шел басты ма? Бес-алты ұл-қызым, бәйбіше-тоқалым, өзім, оншақты ғана жанбыз. Құр қолмен ол қасапшыларына не қауқар көрсетпекпіз? Ал әлгі жылқышы, бақташы дегендерің уыстан шығып кетті! Өздеріңнің азғыруыңмен олар «ендігі қожайын біз» деп шекесінен қарағанда бұл жерде жоқ! «Ә» десең «мә» деп, тіпті жеңсік бермейді! Орташа байларды кәнпескелейді дегесін, «е, көппен көрген ұлы той, өзіме де аз-мұз несібе қалдырар» деп, бейқам жатқан жайым да бар еді! Істің бұлай ауан аларын сезсем нан ұрсын, тұз ұрсын! Ал ана қой-ешкі орнында! «Қойды жау алмайды» деп, атам қазақ тауып айтқан екен! Еселеріңді сол ашатұяқтылардан айырыңдар!

Нұрбектің бұл сөздерін осындағы дүйім жұрт тыңдаған. Шаған таудың төбесіндегі қырғын Қоғалы аңғарындағы елді жаман шошындырған. «Мұның арты неге соғар екен?» деген сауал суық желдей есіп, қай шаңырақтың да астындағы кемпір-шалды, жасаңдауларды, бала-шағаны адақтап шыққандай еді. «Құндақбай банды», Құндақбайдың бандысы» деген тіркестер әп-сәтте қалыптасып, Шаған, Қотырқай және Түлкілі тауларының екі арасын,оған қоса шығыстағы Кескентерек, Көктал өзендерінің бойын жайлаған Аралтөбе, Шұбар, Онжас, Кемер сынды елді мекендерді, әрі осы соңғыларды көмкерген сондағы сан алуан биіктердің қуыс-қолтықтарын, сайларын түгел кезді. Қазақта «ұзынқұлақ» аталатын «байланыс жібі» талмай жұмыс істеді. Әрі ол Шағандағы қырғынның дәл Нұрбек бай кәнпескеленер қарсаңда бұрқ етуі де осы малды-жанды пенденің тіл ұшына кебірекілінуіне ықпал еткен. Сосын да уәкіл мен Елдос ауылнай – бұлар да әдеттегіден тыс, тым үлкен жасауылдарды тік көтеріп, Нұрбек байдың бір ағаш және бірнеше киіз үйден тұратын ауылына сау етерде одан алдын-алақұлақтанған Қоғалы өңірінің аяғы жеңіл сергектері де үкідей ұшып осында жеткен.

Уәкіл мен Елдос ауылнай тек қарулы жасауылдар ғана емес, басқа да бір дайындық шарасын ұйымдастырыпты. Сосын да олар Нұрбек байға бөгде тың қырынан шеңгел салмаққа әрекеттенді. Аузы түтіккен, әрі бірнеше күнгі шала ұйқының белгілері қасқабағынан білінетін уәкіл өз жайынан аса сыр алдырмай барынша айбарлы да сабырлы көрінуге тырысып, Нұрбек байға сыналай қарағансып самбырлады:

– Сіз бір емес екі статья бойынша жауапқа тартылмақсыз! Алғашқысы кедей-кепшіктердің еңбегін аяусыз қанап, байлық, мал-дүние жиғаныңыз баршаға аян! Екіншісі, орташа байлардың қатарына кіруіңіз мына сіздің өз қолыңызбен осы таяу уақытта атқарылған ісекені тайға таңба басқандай. Сіз аяқ-қолы кісенделіп, Сібірге айдауға лайық нағыз ірі байдың өзісіз! Артық малдарыңызды ағайын-туыстарыңызға таратып беріп, көзбояушылықпен шұғылдандыңыз!

Уәкілдің осы ызғары тұсында оның жандайшабы Елдос ауылнайдың астындағы ұзын мойын, кеуек бас торы аты тықыршып, бір орында билей басты. Есті жануар осы қылығымен арқасындағы Елдос ауылнайдың ішкі пиғылын бейнелегендей еді. Айтса айтқандай-ақ, себебі, Елдос та қабағын түксітіп, жаман көздерімен Нұрбек байды ішіп-жеп бара жатты. Нұрбек бай бәрін түсінді, бұл қазақ атаулының ішінде сөз жата ма, мұның осындай атты қылықтарының бір ұшы мына уәкілдің де, Елдостың да құлақтарына сарт етіп тигені ақиқат. Енді бұдан құтылар жол қайда? Бұдан гөрі сәл-пәл тыныштық күнде Нұрбектің өзін орташа байлардың тізіміне жаздырғанісі елеусіз де қалуы мүмкін еді. Себебі, мұндайлар бұл Қоғалы өңірінде, шығыстағы Кескентерек, Көктал өзендерінің жағалауларында біраз баршылық қой. Тек мынаҚұндақбай бандысының Шаған таудың басындағы бәлшебекке қарсы қанды қасабы мыналардың ұйқы-тұйқысын шығарғандай. Енді сол қанды қасап арқылы өз бастарына да қауіп төнгенін сезеді. Оның бетін қайтару үшін мына Нұрбек сындылар жөнінде ымырасыздық қажет.

Нұрбек тіл мен жағына тұсау салынғандай едәуір үнсіз томырылды. Мұндай үнсіздік өзі үшін тым қатерлі екенін сезіп, жұтқыншағын әрі-бері күшпен қозғап, уәкілге жауап қайырды:

– Мен ешкімге мал үлестіргем жоқ! Қазақ ішінде бір-бірінде алашағы мен берешегі барлар табылады. Сондай бірдемені құлақтарыңа іліп, бар пәлені маған үйіп-төгіп кеп тұрған пиғылдарыңды мен түгілі мына атты-жаяулы аралас көрші-қолаң, алыс-жақын жамағайын тегіс ажыратып тұр. Тұқымың өскір уәкіл мырза-ау, менің үлестірген малымды ала қоятын кім бар? Қазір өз малың өзіңді шаян болып шағып тұрған заман емес пе? Осындағы сау басына сақина тілейтіндер ағайын-туысқандар арасынан табылар ма екен? Әй, Елдос, сен осы елдің адамысың ғой, сен айтшы, кімге таратып бере аламын басы артық малды?!.

– Мен сізге атбекет емеспін! Қолмен істегеніңізді мойныңызбен көтересіз! Уәкіл мырза, тіл буынсыз деген, Нұрбек баймен сөз жарыстырып береке таппаймыз! Бұл Нұрбек байдың нағыз шіріген бай екені осы елдің иті мен құсына дейін танық. Қой-ешкісі күзге салым сонау Сарыөзектен әрідегі Желдіқараға қарай айдалғанда бас-аяғы екі атшаптырымға созылады. Ал жылқысы ше... Сиырлары ше?.. Ондайлық ірі-қарасы хақында аңыз қаншама? Бұл Нұрбектің болат тұяқтылары Қоғалы аңғары түгілі мынау Түлкілінің арғы түстік сыртындағы жайылымдардың түгін пышақтай тістерімен қыршығанда бәрі таздың басындай тақырланып қалады. Артынан шаңдаққа айналады. Бұл Нұрбек байдікі қулық! Қулыққа қулық жамағандық! Кешегі мыңғырған бай орташа байлардың ортасына топ етіп шойырылып жатыр. Ал бүгінгі сұрқы тіпті жаман, аузын қу шөппен сүртіп қапты! Уәкіл мырза, жел сөздің жетегінде кете бермейік!

– Әй, Елдос ауылнай, тіл-жағыңа құдай береке берсін! Мен дәулеттіадам екенімді жасырған емеспін! Бірақ бардан жоқ болу қиын ба, әне, өздерің малын тәркілеген кешегінің солқылдаған мырзалары, бай-батшалары аяқтары аспаннан келіп жатыр?! – деп Нұрбек те айғайға басты.

Елдос ауылнай да бетінен қайтпады:

– Болды! Сөз доғарылды! Құдай қазаққа тіл жөнінде ас та тек жомарттық жасапты ғой!

Уәкіл бұл ауылнайдың уәжін жоғарыдан топ еткен бұйрықтай қабылдады. «Сөз доғарылды» деген раймен ол артқа бұрылып, саусақтарының ұшымен әлдекімдерге белгі берді. Сол-ақ екен, әлеңкедей жалаңдаған екі-үшеу аттарынан аунап түсіп, қолдарындағы шынжырша сылдырлаған бірдемелерді көлденең тосып, Нұрбекке қарай ұмтылды. Көз ілеспес шапшаңдықпен Нұрбектің екі қолына да, екі аяғына да кісен салынды. Күндік орамал тартқан, не ақ кимешек киген әйелдер жағы шу етті. Тіпті ересектер жағы да уілге басты. Аттылардың ортасында әлдебір қозғалыс байқалды. Уәкіл де, Елдос ауылнай да сол аттыларға әлдебір күдікпен жарқ етіп, олардың ортасынанҚұндақбай банды сығалап тұрған жоқ па деген қорқынышқа да бой алдырған пішіндері бар. Тек өз соңдарынан қылышпен сақадай сайланған қарулы жасауылдар бар екені көңілдеріне медеу. «Бірақ, бірақ, кім білсін» деп, тап осындай шақта Шаған таудың басындағы қырғынды да қоса еске алысты.

Алғашында жасауылдар Нұрбек байды жаяу жетелемекші еді, тек ол аяғындағы кісенмен жүре алмаған соң кісенді шешті. Нұрбек байдың сонда да жүрісі өнбеді. Уәкіл мен Елдос ауылнай әлденеге асыққан түр көрсетті. Соны байқаған жасауылдар Нұрбекті атқа отырғызды. Бұлар сәл ұзай бергенде де арттағы ел, аттылы-жаяуы аралас қара-құра еш қимылсыз қала берді. Тек жылаған, дауыс айтқан әйелдер шуылы ғана әуеледі. «Күлің шашылмасын, түндігің ашылмасын, қара көрінгірлер» тәрізді қарғыстар да сұр жебедей атылды.

***

Уәкіл мен Елдос осы өңірдегішын мәніндегі аса ірі байлар санатындағы Нұрбекті бұл күні аса алысқа әкетпеді. Голубиновка деген ауылға жетер-жетпесте бір қара шаруа жатақтардың от жаққан жеріне аялдады. Нұрбекті мұндағы қара-құрадан тасада ұстап, ас-суды жасауылдардың бірінің қолымен жеткізіп тұрды. Бұл аялдаманы уәкіл мен ауылнай өздеріне ғана қатысты іс-қимыл қажетіне ұқсатты. Тек күн батып, қас қарайған шақта Нұрбекпен тілдесуге уақыт тапқансыды. Айдаладағы тым қораш кішкене қара қоста әбден тозығы жеткен жұқа киіздің үстінде жантайған Нұрбекті қастарында бір ғана жасауыл бар уәкіл мен Елдос оңаша сұраққа алды:

– Әй, Нұреке, сіз осы елдің көш бастар арқа тұтар асыл азаматы, алтындіңгегі тәріздес тұлғасыз! Сіздің биік мәртебеңізге мал баққан қазақ күннен көзін көлегейлеп шалқая қарайды. Сіз ақылды адамсыз. Сол ақылыңыздың арқасында осындай дәрежеге көтерілдіңіз! Бірақ мына заманы құрғыр құрт құбылды. Бұл қазақ түгілі сонау Петербор мен Мәскеудегі орыстарды қоса шарпып жатқан құбылыс! Текке тыраштанудан бәрібір ештеңе өнбейді! – деп бастап уәкіл сол жылдардағы замана кейпін өз тұрғысынан түсіндірмекке біраз сөзді шығын етті. Нұрбек те, Елдос та, жасауыл да мына қос ішіндегі шамсыз қараңғылықта тырс еткен дыбыс білдірмей уәкіл баянын мұқият тыңдады. Ең соңында уәкіл сөзін былай қорытты:

– Ел ағасы, Нұреке! Өз ақылыңызбен таразылаңыз. Орыс тым зор халық, онымен қан төгісіп, қазақ ұшпаққа шықпайды. Қазіргі жағдайды одан әрмен ушықтырмай, «еркек тоқты құрбандық» дейді ғой, Құндақбайды ұстап берейік! Оған сіздің жәрдеміңіз қажет. Өз жақын-жақыбайларыңыздан бір сенімдіадам тауып, Құндақбайға сәлем айтыңыз. Біз сіздің басыңызға бостандық әперейік. Сөйтіп екеуіңіз беттескен жерде қызылдар Құндақбайды өздері тұтқындасын!

Нұрбек өз ортасында дәулетімен ғана емес, ақыл нұрын шашар сергектігімен де белгілі. Осы қолына кісен салынған қараңғы лашықта да бұл сол сергектігінен айырылмаған. Бұл Құндақбайды бақайшығына дейін біледі. Құндақбай осының көз алдында ержетіп қалыптасты. Бұл күнде оның марқұм әкесі Төленді мен шешесі Мәуес – бәрі мұның жадында. Құндақбайдың орыс, қазақ байларының малын бағып, қаршадайынан табыс табуы, күреске түсуі, атбегі, құсбегі атануы, мал танығыштығы, сонау Қапалдағы кәсіпкер найман байының назарына ілігуі, оның да жылқысын бағып, бір табын жарамды жібек жалды жануарларды Ташкенттегі мал базарына айдап апарып сатуы, сол Ташкенттен цирк өнерін үйреніп қайтуы, ол өнерге осындағы бір топ жігіттерді баулуы, санап тауысқысыз тағы басқалары, тіпті осы Құндақбайдың тікелей қатысы болған мынау төменде, Майтөбе, Шанханай маңында өткен әлгі Көкшолақ қасқыр оқиғасы, күні кешегі Шаған таудағы қырғын – бәрі-бәрі жіпке тізілгендей мұның көз алдынан зымырап өтті.

Солардың бәрін өткеріп қана Нұрбек бай осы халінде де есін жоғалтпай мына уәкіл мен Елдос ауылнайдың ұсынысына шүйлікті. «Құндақбайды ұстап берсем ел-жұртқа, үлкен-кішіге тегіс қарабет атанып, жер басып жүруім тіпті қиямет-қайымға айналады, онан да «әлеу-ләй-ләйді» айтып итжеккенге кете барғаным әлдеқайда абырой емес пе» деген ой бірден басына ұрды. «Жә, тоқта, тоқта, мынау іші апан, жұдырықтай миыңмен бір сүңгіп қана шыға қоятын дүние емес, бұлардікі сөз жоқ үлкен айла-шарғы, Құндақбайды ұстап берген күнде де бұлардың мені алшаң бастырып қоюы екіталай, жо-жоқ, бұл жерде бір жай ескерусіз қалды, Құндақбайдың өз басы да ақылдың кені, егер мен онымен бір тілдесіп ұстап бергенсіген әрекетке барсам найзағайша ұшқыр Құндақбай өзінше тың жол тауып мыналарды өкпе тұстан ұрып кетуі ғажап емес, ондайда мен де бостандық алмай қайтейін, ол жағын Құндақбайдың өзі де қамдайды ғой» деген қиялға да берілді. Сол-ақ екен ол қиялдан өзі де жеріді. «Егер Құндақбайға тіл жіберсем, мыналардың жансызы сол тілдің соңынан құйысқанға жабысқан қыл сияқтанып, қоса ілесіп Төленді баласын құрықтап, қол-аяғын кісендеп әкетсе не бетімді айтамын?! Бұларға шәк келтіру де жөнсіз! Біздегі ақыл бұларда да бар. Жарайды, мына жайды естісе Құндақбайдың өзі де қарап жатпас, ешкімнің обалына қалмай құдайдың жазуына мойынсұнып кете барайын, түптің түбінде қабын жарып шығармын». Міне, осы шешімге тас бекініп жармасты. Мына екі «мүңкір-нәңкір сұрақшыдан» «ау, ағайындар, тап қазір Құндақбайға кісі салар құдірет менде жоқ. Баршасы өз бастарын ойлап менен теріс қарады емес пе, тіпті салған кісің Құндақбайды таппайды да, ол қарақшың бәлкім Қытай асып кеткен шығар» деп құтылғансыды.

Тағы үш күннен соң қол-аяғы кісендеулі Нұрбек байдың жағдайы тіпті қиындады. Оны дүрелеп соққыға жықты. «Өтірік айттың» деп айыптады. «Не өтірігім шықты» деген сауалына жауап жоқ. Сөйтсе, Нұрбек байдың әлгі Сарыөзекке қарай айдалған отар-отар қой-ешкісін жолай «Құндақбай бандысы» шауып алып, өздері алдын-ала белгілеген тәртіппен Алтынемел, Матай тауларының қуыс-қолтықтарындағы, одан бергі жатақтарға, кедей-кепшіктерге оннан-жиырмадан таратып беріпті. Бұл жұмыстың бәрі күндіз-түні бірдей көз ілеспес шапшаңдықпен атқарылыпты. «Бардан жоқ болу» деген тіркес осылай жүзеге асыпты. Осы жағдай мәлім болған күні Нұрбек қосымша жазасын алды. «Аһ, дариға құдайай сұрқы жаман ажал жеткен екен» деп, ернін жыбырлатып, иманын айтты. Сол түні әкесі түсіне кіріп аян берді: «Бір керегіңе жарадым, осы жолы аман кетесің, келесісі күмәнді, өзің сақтан» деді. Содан екі күннен соң Құндақбай тобы Нұрбекке қойылған күзетті баудай түсіріп, оны атқа өңгеріп әкетті. Сонау шығыс бетте, Түлкіліден арыдағы Аламан асуына апарып жасырды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВСТРЕЧА БЕЗ ГАЛСТУКОВ

Как сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей, Аким Алматинской области Амандык Баталов встретился с Региональным советом Палаты предпринимателей Алматинской области. Встречи без галстуков с участием акима региона стала своеобразной традицией для предпринимателей. В ходе открытого разговора в неформальной обстановке затронуты системные вопросы предпринимательства, а также обсуждены предложения по их решению.

Дауласушы тараптарды татуластыру, оларды бітімге келтіру ертедегі қазақтың дала демократиясында қалыптасқан билер институтының өркениеттік үлгісі ретінде қайта оралуда. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV «Медиация туралы» Заңы қоғамда орын алып отырған дауларды сотқа жеткізбей шешіп, тараптарды татуластыруды көздеп отыр. Бұл әрбір тұлға үшін тиімді болады. Белгілі уақыт ішінде өз шешімін табатыны сөзсіз.

Өмір болған соң қоғамда азаматтардың арасында сан түрлі келіспеушіліктер, даулы мәселелер туындамай тұрмайтыны ақиқат. Міне, сондай мәселелерді шешуде медиаторлардың қызметіне жүгіну өте тиімді. Өйткені, медиация даулы мәселелерді шешуде әлемде өзін-өзі толық ақтаған процесс. Сондықтан да тұрғындардың қандай да бір азаматтық келіспеушіліктер туындай қалған жағдайда кәсіби медиаторлардың қызметіне жүгінгені абзал. Заңдық анықтамаға жүгінсек, медиация кезінде үшінші, бейтарап жақ, яғни медиатор дауласушы тараптар арасында ерікті келісімнің түзілуіне түрткі бола отырып, дау-жанжалды шешуге жәрдемдеседі. Қандай да бір тарап ымыраға келуден бас тартса, медиатор бұл күрделі жағдайды өзінің парасат-пайымы мен біліктілігі арқасында шебер шешуге тырысады. Атап айтқанда, келіспеуші тұлға үшін істі бұлайша насырға шаптырудан гөрі өзара тиімді, татуласу келіссөзіне бару оңтайлы болатындай жағдай қалыптасуы тиіс.

Дауларды жеке қарсылық аясынан шығарып, мүдделі пікірталас аясына көшіретін бұл жаңа заңның арқасында соттарда қаралатын істердің саны да айтарлықтай азая түсетіндігі белгілі.

Азамат МАДИЕВ,
Ақсу аудандық сотының судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖИЫН

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ «МИЛИЦИЯ ҚОРҒАНЫҢ» ДЕЙТІН ҚАЗІР МИЛИЦИЯ АТАУЫ ПОЛИЦИЯҒА АУЫСЫП, «МИЛИЦИЯ ҚОРҒАУШЫҢ ЕМЕС ҚОРЛАУШЫҢ» ДЕЙТІН СЫҢАРЖАҚ ПІКІР ҚАЛЫПТАСТЫ. ЖАЛПЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНА КӨПТІҢ КӨҢІЛІ ТОЛА БЕРМЕЙДІ. БҰЛ САЛАҒА ТҮБЕГЕЙЛІ РЕФОРМА ҚАЖЕТ ДЕГЕН САЯСАТКЕРЛЕРДІҢ ДЕ ҰСТАНЫМЫ БАР. ҚАЙ КЕЗЕҢДІ АЛЫП ҚАРАСАҚ ТА, АҚ ПЕН ҚАРА, КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕНІ КӨРУГЕ БОЛАДЫ. ҚАЛАЙ ДЕСЕК ТЕ ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТІП ТҰРҒАН ПОЛИЦИЯ БОЛМАСА, АРАМ НИЕТТІ, ПИҒЫЛЫ ТЕРІС АДАМДАР МЫНА ДҮНИЕНІ АУДАРЫП ТӨҢКЕРІП, ЕЛДІ ҮРЕЙМЕН ҰСТАЙТЫНЫ ХАҚ.СОНДЫҚТАН, ХАЛЫҚТЫҢ ПОЛИЦИЯҒА ДЕГЕН СЕНІМІН АРТТЫРУ ҮШІН ҚЫЗЫЛ ЖАҒАЛЫ САҚШЫЛАР ДА ҚЫРАҒЫЛЫҚ ТАНЫТУДА. «БЕС САУСАҚ БІРДЕЙ ЕМЕС, ОЛАРДЫҢ ДА АРАСЫНДА ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТУДЕ БАСТАРЫН БӘЙГЕГЕ ТІГІП, ҚЫЛМЫСКЕРДІ ҚҰРЫҚТАУДА КЕУДЕЛЕРІН ОҚҚА ТӨСЕП, АЖАЛ ҚҰШҚАНДАРЫ ДА, ПОЛИЦИЯ АТЫНА КІР КЕЛТІРІП ОРТАДАН АЛАСТАТЫЛҒАНДАР ДА БАР.

Мұрат ҰРЫМХАНОВ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Алматы облысы полиция генерал-майоры М.Ж.Ұрымханов, Алматы облысының тұрғындарымен кездесті. Кезесу барысында 2018 жылдың қорытындысы бойынша аса ауыр қылмыстар саны 13%-ға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың 60%-ға, азайғанын айтты. Жасалған қылмыстардың көбі Алматы қаласына жақын орналасқан Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ және Жамбыл аудандарында тіркелген. Қылмыстардың негізгі бөлігі – бөтен мүлікті ұрлау. Осы аталған қылмыстардың 64%-ы бөтеннің мүлкіне көз аларту болып тұр. Облыстың Талғар, Іле, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, аудандарында және Талдықорған қаласында ұрлықтың айтарлықтай үлес салмағы барын айтып, қабылданған шаралармен 6 жарым мың ұрлық, оның ішінде өткен жылы жасалған 300 ұрлықтың ашылғанын тілге тиек етті. Су бетіне қалқып шыққан көбіктей, ұрлық үшін 5 мыңнан астам адам қылмыстық жауапкершілікке тартылыпты. Полициялардың жарғақ құлағын жастыққа тигізбей тұрғанда осы ұрлық қылмыстары екен. Суғанақ қолдармен күрес мәселесі бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отырғанын бас полиция жасырмады. Әрбір төртінші ұрлық пәтер және жеке үйлерден жасалуда. Ағымдағы жылы оларды тіркеу шамамен жартысына төмендеді (958-ден 518-ге дейін немесе 45,9%-ға), алайда әлі де маңызды болып қала береді –деп, статистикаға сүйенген генерал ұры-қарылардың көп жағдайда терезелер, желкөздер және балкондар арқылы пәтерге немесе үйлерге есікті бұзу, кілтті таңдап келістіру әдісімен түсетінін айғақтады. Осы қылмыстық қол сұғушылықтың 90%-дан астамы жеке секторлардағы үйлерге тиесілі болуда деп нақты фактіге жүгінді. Мәселен, тіркелген қылмыстардың 475-і тұрғын үй болса, 43-і пәтер ұрлығы дей келе, қылмыскерлердің ұрлық орнын таңдауы ең алдымен қол жетімділікпен анықталатынын айтты.

Мал ұрлығы

Алматы облысы аграрлық санатқа жататын болғандықтан, қараша қауымның көбі, елді-мекендердегі ауыл тұрғындары мал шаруашылығына тәуелді. Елді ұлардай шулатып, өрістегі малдарын табындап, үйірлеп, тіпті тапа тал-түсте қора жайларын бұзып кіріп ірілі ұсақты малдарын ауыл шетіне шығарып сойып, бас терілерін ағашқа жайып кетіп, «біз қайтып оралмаймыз» деп малдың қанымен үшбу хат жазып кететін барымташылар елді қан-қақсатып жүр. Мал ұрлығы бойынша да статистикаға сүйенген бас полицей генерал М.Ұрымханов өткен жылы 1300-ден астам қабылданған шаралар бойынша мал ұрлығына қатысты 71 топ ұсталып, олардың 147 мал ұрлығына қатысты қылмыс жасағандарын анықтапты. Ағымдағы жылы «ізін суытпай» аталған санаттағы 121 ұрлық, бұрын жасалған 68 ұрлықтың ашылғанын, ақпан айында Ұйғыр ауданында 5 адамнан тұратын қылмыстық топты құрықтағандарын, қылмыскерлерден 40 бас ұрланған жылқыны тәркілегендерін мәлім етті.

Наурыз айында Ақсу ауданында 2 топ ұсталса, олардан жалпы алғанда 11 мал ұрлығымен айналысқандығы әшкерленген. «Өзіңе-өзің мықты бол, көршіңді ұры тұтпа» дегендей, қолындағы азын-аулақ малға күндері қарап тұрған ауыл тұрғындарының да бейқамдығын атап өтті. Талдау көрсетіп отырғандай, көбінесе мал иелерінің бейқамдығынан қараңғыда қарсы шапқан қарсақтай қаруланған ұрылар күндіз өрістен түнде қордан тұяқты малды жымқыруға бейім дейді. Ұрлық фактілері бойынша қозғалған қылмыстық істердің 25%-ы қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылыпты. Мәселен,(1 338-нің 438-і, оның ішінде 34 ауыр қылмыс бойынша) тоқтатылған. Көбіне меншік иелері малдарын қараусыз қалдырады. Оның жоқтығын байқап, өз бетінше табуға тырысады. Мал табылудан күдерін үзген соң ғана, полицияға жүгінеді. Содан кейін біз айтарлықтай күш сала отырып, іздестіру іс-шараларын жүргіземіз деген полиция басшысы 2018 жылы мал іздеуге тікұшақ техникасы 6 рет көкке көтерілгенін мәлімдеді. Мысалы, Қаратал ауданында қаңтар айында 24 бас ірі қара мал жоғалғаны туралы өтініш келіп түсіп, шығын 5 миллион теңгені құраған. 2 ай ішінде іздестіру іс-шараларын жүргізіп 23 наурызда Қаратал өзенінде суға батқан сиырлардың ұшасы табылған. Мал ұрлығының алдын алу және оның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылдың желтоқсан айында мәслихат шешімімен Алматы облысы аумағында жануарларды ұстау Ережелері бекітілді. Тек наурыз айында рейдтік іс-шаралар барысында 817 көлік құралы тексеріліп, 186 заң бұзушылық фактісі анықталып, құжаттарсыз мал тасымалдауда (520 жылқы, 2300 ірі қара, 1318 ұсақ мал) тәркіленген. Мал ұрлығын ашу және алдын алу жұмыстары тұрақты және қатаң бақылауда деген М. Ұрымхановқа Қаратал ауданынан келген шаруаларда мал ұрлығын ашуда жергілікті полицейлердің сылбырлығын айтып, арыз шағымдарын жеткізді.

Тұрмыстық қылмыстың алдын алу

Шағымданушылардың өтініш-тілектеріне мұқият зерделеп тиісті шараларды қолдануға уәде еткен полиция генералы қылмыстардың алдын алуда, негізгі буын учаскелік полиция инспекторлары болып табылады. Осыған байланысты оларға тиімді жұмыс үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылдануда. Соңғы 3 жылда 140 жаңа автокөлік бөлінгенін, 2014 жылдан бастап тұрғын үймен біріктірілген 220 учаскелік полиция пункті кезең-кезеңмен іске қосылуда, – деді. Бұл учаскелік инспекторларға қызмет көрсетілетін әкімшілік учаскеде тәулік бойы болуға және оқиғалар мен қылмыстар туралы келіп түскен өтініштер мен хабарламаларға жедел ден қоюға мүмкіндік береді. Өткен жылы полицияның учаскелік инспекторлары 50 мыңнан астам арыз-шағымдарды қарады (53314), 37 мың құқық бұзушылықтың жолын кесті, 6 мыңға жуық қылмыс ашылды.

Көп жағдайда қылмыс жасаудың себебі маскүнемдіктен болуда. Мас күйінде істелген қылмыстардың ең жоғары деңгейі Қаратал (36,5%), Ескелді (26,6%), Кербұлақ (24,8%), Кеген (24,5%) аудандарында және Талдықорған қаласында (28,9%) тіркеліпті. Учаскелік инспекторлардың профилактикалық бақылауында үш жарым мыңнан астам маскүнем бар: оның ішінде бес жүзден астам әйел (540), сондай-ақ 800-ге жуық қолайсыз отбасы бар, онда бір жарым мың (1530) бала тұрады.

Өткен жылы маскүнемдіктен мәжбүрлеп емдеуге 240 адам жіберілді. Тұрмыстық қылмыстың алдын алу мақсатында 3 мыңға жуық қорғау ұйғарымы шығарылды. Тәртіпке байланысты 500-ге жуық ерекше талаптар орнатылды, – деді.

300 жасөспірім қылмыстық жауапкершілікке тартылды

Бұл бағытта үлкен жұмыстар атқарып жатқанын, бірақ әлі де бұл мәселе өзекті болып тұрғанын жасырмаған облыстың бас полицейі өткен жылы кәмелетке толмағандар 288 қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын айтты. Қылмыстық жауапкершілікке шамамен үш жүз жасөспірім тартылды. Оның 80 пайыздан астамы 16-17 жастағы жас өркендер. Оларға қылмыс жасаған, бірақ қылмыстық жауапкершілікке тартылу жасына жетпеген тағы 53 бала бар. Ювеналдық полиция бөлімшелері бүгінгі таңда профилактикалық есепте тұрған 700-ден астам жасөспірімдердің мінез-құлқын бақылайды. Олардың жартысы мектеп, лицей, гимназия оқушылары. Жасөспірімдерге қатысты қылмыстың алдын алу үшін, әкімдіктің қолдауымен мектеп инспекторлары институтын дамытуды жалғастырып, олар мектеп әкімшіліктерімен, ата-аналар комитеттерімен бірге түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оқушылар тарапынан құқық бұзушылыққа қарсы әрекеттердің алдын алумен айналысатын болады, – деді. Енді осы шараларды жүзеге асыру үшін әрбір қалалық және ірі ауыл мектебінде (500-ден астам оқушы) қосымша 266 мектеп инспекторлары қажет.

Балаларды әртүрлі зорлық-зомбылықтан және қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға айрықша көңіл бөлініп, әрбір факт қатаң бақылауға алынды. Алайда, зорлық-зомбылық әлі көп. Өткен жылы кәмелетке толмағандарға қатысты 184 қылмыс анықталды. Олардың 66-ы жыныстық тиіспеушілікке байланысты. Балаларға қатыгездікпен қарау фактілері бойынша 6 қылмыстық іс қозғалып, 27 ата-ана өзінің ата-аналық құқығынан айырылды. Көбінесе бұл жасырын сипатқа ие, себебі балалар туыстарының тарапынан тұрмыста зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Көптеген фактілер айтылмай ашылмай қалады. Кей кезде тіпті есейгенге дейін айтылмай, кейіннен ашылғандары да бар. Яғни, ондай жағдайда салдарын ескертіп немесе азайту мүмкін емес - деген генерал, мұнда білім беру саласының қызметкерлері балалардың психологиялық жағдайын, олардың мінез-құлқындағы өзгерістерді зерделеу, әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан балаларға ерекше назар аудару қажеттігін баса айтты.

Қоғамдық орындарда тәртіп орнату

Бұл бағытта да атқырылған шараларға қатысты нақты цифрларға жүгінген полиция генералы, ағымдағы жылы қоғамдық орындарда (-17,5%) және көшелерде (-16,9%) жасалған қылмыстар саны айтарлықтай қысқарды. Күн сайын құқық тәртібін қорғауға төрт жүзге жуық полицей (оның ішінде ұлттық гвардияның 145 әскери қызметшісі) жұмылдырылады. Сонымен қатар, облыс орталығында аптасына екі рет полиция қызметкерлерімен бірге патрульдеуге 2018 жылы құрылған «Жалын» студенттік жасағының балалары тартылуда. Мемлекет Басшысының ескертулерін ескере отырып ұсақ құқық бұзушылықпен күреске айтарлықтай күш-жігер жұмсаймыз, сол арқылы аса ауыр қылмыстардың алдын алуға болады деді. Бұл орайда халықтың үлкен көмегіне жүгінген генерал, «Көршілер бақылау» бағдарламасы аясында 6 мыңнан астам құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бүгінгі таңда қоғамдық тәртіпті сақтау саласын бейнебақылау жүйесінсіз елестету мүмкін емес.

Қазір облыс бойынша 968 бейнекамералар орнатылған, оның 871-і облыс орталығында. Ағымдағы жылдың басынан олардың көмегімен 31 қылмыс анықталды және төрт жарым мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық құрықталды. Алдағы уақытта 300 бейнебақылау камерасын орнату жоспарлануда, оның ішінде 150-і Қапшағай қаласында, 100-і Қарасай және 50-і Панфилов аудандарында орнатылмақ.

Жол қауіпсіздігі

Алматы облысы жол-көлік оқиғаларының саны бойынша республикада алдыңғы орында тұр. Жыл басынан бері 330 ЖКО тіркеліп, 64 адам қаза тауып, 500-ден астам адам жарақат алған. Жол апаттарының жоғары деңгейінің себептеріне тоқталған өңірдің полиция басшысы: автокөлік ағынының өсуі, автомобильдер мен автожолдардың жай-күйіне байланысты, – деді. Бірақ негізгі себеп – жеке тәртіпсіздік және жол қозғалысы ережелерін сақтамау. Жол-көлік оқиғасының 30%-ы жылдамдық режимінен асып кетуі себебінен, әрбір оныншы-қарсы жолаққа шығудан, десе, жаяу жүргіншіні қағып кетудің 100-ден астам фактісі тіркелгенін, оның әрбір үшіншісі жаяу жүргіншілердің кінәсінен болуда. Жолдардағы апаттылық деңгейін тұрақтандыру мақсатында біз алдын алу шараларын қолдандық.

22 мыңнан аса жол ережесін бұзу фактілері болды, соның ішінде 223 мас жүргізуші ұсталды. Жол қозғалысын бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Біз қазірдің өзінде электрондық әкімшілік өндірісті байқап көріп, патрульдік полиция жұмысына енгізудеміз. Өткен жылы 211 дербес компьютерлік планшет сатып алынды, олардың көмегімен жеті жарым мыңнан астам электрондық хаттама жасалды. Жол қозғалысы ережелерін бұзушыларды анықтауға азаматтардың өздері айтарлықтай көмек көрсетеді. Көптеген фото және бейне материалдар Департаменттің электрондық мекен-жайына келеді. Жол-патрульдік полиция қызметкерлері міндетті түрде тәртіп бұзушыларды анықтау және оларды әкімшілік жауапкершілікке тарту шараларын қолданады, – деген генерал М.Ұрымханов кездесуге келген тұрғындардың сұрақтарына жауап берді. Қойылған сұрақтардың басым бөлігі мал ұрлығына қатысты болды.

Айтақын МҰХАМАДИ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СОЗДАНИЕ И ЭКСПЛУАТАЦИЯ ПЕРВЫХ КАЗАХСТАНСКИХ АВИАЛИНИЙ (1924-1934)

Впервые вопрос организации воздушных сообщений в Казахстане был рассмотрен на заседании специальной комиссии 19 августа 1925 г. в первой столице республики – Кызыл-Орде. В частности, были установлены следующие пункты, которые предстояло связать между собой воздушным сообщением. Это – Кызыл-Орда, Алма-Ата, Сергиополь (Аягуз), Семипалатинск, Уральск, Петропавловск и Турткуль (первая столица Каракалпакии, входившей тогда в состав Казахстана), то есть данная линия была союзного значения, поскольку связывала между собой города, считавшиеся наиболее значимыми в жизни республики. Вопрос же об организации местных авиалиний, соединяющих между собой небольшие города республики, не рассматривался вообще. Первые авиалинии в Казахстане стали функционировать, начиная с середины лета 1924 г. Причем решающим фактором создания в республике первых авиалиний, имевших к тому же не местное, а межреспубликанское значение, являлась острая необходимость в установлении транспортных связей Казахстана с соседними республиками и, разумеется, с центром страны. С учетом хронологической последовательности событий, это прежде всего была авиатрасса Алма-Ата – Ташкент, эксплуатация которой началась 11 июля 1924 г. Она была и оставалась единственной до лета 1927 г., когда началась эксплуатация еще двух важнейших авиалиний: Кызыл-Орда – Москва и Алма-Ата–Фрунзе (первая столица Республики Киргизия). Раскрытие темы статьи вряд ли будет полным без упоминания хотя бы основных характеристик и возможностей тех самолетов, которые обслуживали тогда внутренние и внешние авиалинии Казахстана. В связи с этим необходимо отметить, что полеты на всех авиалиниях республики совершались главным образом на самолете К-5, который объективно считался одним из лучших в стране воздушных транспортов с дальностью беспосадочного перелета до 800 км. К тому же он был «многоместным», т. е. имелось в виду наличие восьми пассажирских мест, причем каждый пассажир мог перевезти бесплатно до 8 кг багажа, так как грузоподъемность К-5 составляла 90 кг. Что же касается объективных причин создания первых внутренних авиалиний на территории самой республики, то в первую очередь учитывалась не только наибольшая отдаленность от центра тех регионов, к которым относились, в частности, и города Восточного Казахстана, но и необходимость освоения здешних природных богатств.

Газета «Советская степь» (предшественница «Казахстанской правды») в одном из своих номеров за 1930 г. отмечала, что на первой внутренней авиалинии Казахстана Алма-Ата – Талдыкурган – Сергиополь (Аягуз) – Семипалатинск, протяженность которой была весьма приличной (не менее 1100 км), стал курсировать К-5. Открытие данной авиалинии было приурочено к важному факту - 6 июня 1929 г. Алма-Ата стала новой столицей Казахстана. Пилотом первого рейса на новой авиалинии был прославленный летчик Теодор Суонио, который, спустя два года, 27 июля 1931 г., на самолете К-5 совершил сложнейший перелет по маршруту Харьков – Москва – Пенза – Оренбург – Кустанай – Акмолинск – Павлодар – Семипалатинск – Алма-Ата. Хотя протяженность его составляла более 5000 км, этот нелегкий маршрут, как отмечала республиканская газета «Советская степь», был покрыт всего за 34 часа благодаря тому, что К-5 развивал большую по тем временам скорость – 168 км в час (первые пассажирские самолеты той эпохи пролетали за час 160-200 км). При создании первых внутренних авиалиний, связывающих столицу республики с другими ее городами, учитывалась не столько их отдаленность от Алма-Аты, сколько экономическая значимость данного региона. В начале 1930-х годов были открыты авиалинии, связавшие Алма-Ату с промышленными регионами республики – городами Атбасаром, Балхашем, Кустанаем и Карагандой. Заблудиться в ту пору в небе практически ничего не стоило. Ведь кроме компаса в кабине пилота не было ни одного прибора. Летать же в районе Балхаша было особенно трудно. Потому что тогда о здешних рудных залежах еще не было известно. А стрелка компаса в кабине летчика крутилась в разные стороны. И чтобы определить, не сбился ли самолет с курса, летчики, завидев чабана с отарой овец, делали вынужденную посадку. Самолеты, курсировавшие на авиалиниях Восточного Казахстана, помимо перевозки пассажиров, выполняли еще функции грузового самолета. Так было, к примеру, в Зыряновском авиаподразделении, где базировавшиеся здесь 20 самолетов перевозили обогащенную руду. Особенно большой грузооборот приходился на авиалинию Алма-Ата – Бертыс – Караганда, которая связывала столицу с крупным промышленным центром Карагандой и важнейшим строительным объектом, каковым считался «Прибалхашстрой». Именно по этой причине данная авиалиния обслуживалась одновременно самолетами двух типов – АНТ-9 и П-5. Причем цельнометаллический 9-ти местный АНТ-9, являвшийся первым советским пассажирским самолетом, созданным по конструкции А.Н.Туполева, был гораздо больше известен как самолет ПС-9, летавший на значительной высоте - 4 км.

Трасса Алма-Ата – Бертыс – Караганда имела протяженность почти 1тыс. км и могла бы рассматриваться как две отдельные линии: Алма-Ата – Бертыс и Алма-Ата – Караганда с одинаковой протяженностью – по 500км. Участок Алма-Ата – Бертыс считался наиболее сложным по условиям полета, так как пролегал над безводной и скудной ориентирами местностью, к тому же очень малонаселенной. Важным шагом в преодолении этих трудностей явился тот факт, что вскоре (летом 1935 г.) линия Алма-Ата – Караганда, как и, впрочем, линия Алма-Ата – Джаркент, была оборудована запасным аэродромом. В западной части Казахстана первая авиатрасса открылась в 1931 г. по маршруту Баку – Астрахань – Гурьев – Эмба, впервые связавшая республику с Азербайджаном, а спустя три года, то есть в 1934 г., открылись еще две авиалинии. Это – Актюбинск – Гурьев и Уральск – Гурьев. Всего на территории Казахстана в рассматриваемый период функционировали 14 вновь созданных основных авиалиний, которые связывали столицу с областными центрами республики, и 34 местных авиалиний с пунктами посадок самолетов, в том числе с 16 пунктами в Южно-Казахстанской области, с 12 – в Восточно-Казахстанской, с 5 – в Кустанайской области и одним пунктом в г.Каркалинск, а всего с 48 пунктами посадок самолетов. Все авиалинии имели телефонную и телеграфную связь между собой. Необходимо отметить, что открытие новых авиалиний в Казахстане, как показывает изучение архивных данных, непременно сопровождалось трудностями, присущими для рассматриваемого исторического периода. Так, для первых аэродромов была характерна весьма слабая их техническая оснащенность. Здесь достаточно привести следующий факт. В зимние месяцы из-за неисправности компрессора и автостартера запуск самолетных моторов производился амортизатором практически во всех аэродромах, включая и столичные. Отсутствие же маслогреек существенно влияло на регулярность полетов. Регулярность и безопасность полетов требовала решения трех наиболее важных задач. Во-первых, создание необходимых условий для увеличения количества запасных аэродромов. Во-вторых, обеспечение надежной связи самолетов на всем пути полетов. И в-третьих, обеспечение пилотов метеорологической информацией на всех внутренних авиалиниях республики. Таким образом, процесс создания и эксплуатации первых казахстанских авиалиний протекал в условиях специфических изменений и трудностей, которые были характерны для периода 1924-1934 годов как начального этапа возникновения и формирования авиационных линий в республике. Причем возникавшие трудности были неизбежны для рассмотренного нами процесса.

Рахман ДЖАНАБАЕВ,
кандидат исторических наук, доцент, лауреат Премии АНРУ.



РАССТРОЙСТВА АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА

ОПРЕДЕЛЕНИЕ

Тяжелая аномалия психического развития ребенка, характеризующееся главным образом нарушением контакта с окружающими, эмоциональной холодностью, перверсией интересов, стереотипностью деятельности. Один из определяющих и диагностический важный признак заболевания – появление симптомов в возрасте до 2,5 лет. Аутизм встречается редко, у 2–4 детей из 10 000, у мальчиков в 3 раза чаще, чем у девочек. Он выявляется во всех социальных классах и во всех частях света.

ИСТОРИЯ

Ранний детский аутизм был впервые описан в 1943году американским детским психиатром Л.Каннером на примере 11 детей, которые своим поведением напоминали взрослых, отгородившихся от людей и реалий внешней жизни. Поразительной, совершенно уникальной характеристикой этих детей была их неспособность взаимодействовать с родителями, устанавливать эмоциональный контакт и вести себя типичным для младенцев образом – улыбаться близким, принимать их ласку. Дети предпочитали неодушевленные предметы, речь у них обычно не развивалась либо развитие ее запаздывало. Речь их была стереотипна, состояла из невыразительных и не соответствующих ситуации фраз или повторов слов других людей и не служила средством общения. Дети боялись любых перемен и сопротивлялись малейшим изменениям окружающей обстановки.

ПРОЯВЛЕНИЯ

Считается, что об аутизме можно думать, если ребенок:

– не удерживает сколько-нибудь длительно контакта «глаза в глаза»;

– не откликается на имя при сохранном слухе;

– обнаруживает дефицит совместного внимания (то есть не пытается привлечь словом или жестом внимание других к заинтересовавшему его предмету);

– не обращается за помощью;

– не пытается чем-то поделиться;

– использует другого человека так, как будто это неодушевленный предмет.

– Если эти признаки появляются в поведении ребенка постоянно, то нужно обязательно обратиться к детскому психиатру.

ЛЕЧЕНИЕ

– Специфическая медикаментозная терапия не существует.

– В качестве психокорректоров используются нейролептики (сонапакс, аминазин, рисперидон и т.д.)

– Наибольшие результаты достигаются при работе психологов, дефектологов и логопедов.

– Существуют специально разработанные психологические и педагогические методики.

ПРОГНОЗ

На самом деле все зависит от родителей. От их внимания к ребенку, от грамотности и личной позиции.

– Раннее выявление признаков аутизма и раннее начало коррекционной помощи значительно улучшает адаптацию таких детей, их социализацию и способность к обучению.

– Число качественных исследований, посвящённых долгосрочному прогнозу, невелико. У некоторых повзрослевших аутистов наблюдаются умеренные улучшения в коммуникативной сфере, однако у изрядного числа эти навыки ухудшаются; нет ни одного исследования, анализирующего состояние аутистов старше среднего возраста.

– Несмотря на то, что до 80% детей с аутизмом – инвалиды, инвалидность, как таковая, может быть снята. Это происходит благодаря правильно организованной системе коррекционной помощи. Необходимость оформления инвалидности продиктована, как правило, прагматичной позицией родителей, стремящихся обеспечить ребенка дорогостоящей квалифицированной помощью.

Дидар АУШИНОВ,
Заведующий детским отделением «Областного Центра Психического Здоровья», детский психиатр, врач 2 категории.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАРҚ ЕТКЕН ЖҰЛДЫЗ

4 СӘУІР - БЕКЗАТ САТТАРХАНОВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

СӘУІР АЙЫНЫҢ ТӨРТІНШІ ЖҰЛДЫЗЫ – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ТАРИХЫНДА БОКСТАН ТҰҢҒЫШ ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ АТАНҒАН ҚАЗАҚ МАРҚҰМ БЕКЗАТ САТТАРХАНОВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ.

20 жасында олимп шыңын бағындырып, шаршы алаңда жасындай жарқыраған Бекзат Сейілханұлы көзі тірі болғанда бүгін 39 жасқа толар еді. Туған жері киелі Түркістан шаһарында Бекзатты еске алуға арналған бокстан дәстүрлі 18-халықаралық турнир басталды. Байрақты бәсекеге елімізден бөлек, 5 мемлекеттен 11 салмақ дәрежесі бойынша тәжірибелі спортшылар қатысып, бақ сынауда. Турнирге 2000 жылы Бекзатпен бірге Сидней олимпиадасына қатысып, алтыннан алқа таққан даңқты боксшымыз Ермахан Ибрагимов, сол кездегі ұлттық құраманың бас бапкері болған Тұрсынғали Еділовтер арнайы келді. Ермахан Ибрагимов Сидней олимпиадасы кезіндегі Бекзатқа қатысты естеліктерімен бөлісті.

Бұдан бөлек, қалалық мәдениет үйінде «Бекзат – жарқ еткен жұлдыз» атты мерекелік шара өтті. Оған Бекзаттың ата-анасы, туған-туыстары мен бауырлары және жастар қатысты. Алдымен Бекзат жайында түсірілген деректі фильм көрсетілді. Өнерпаздар Бекзатқа арналған әсем әннен шашу шашса, жергілікті билік біртуар ұлдың ата-анасының иығына шапан жауып, құрмет көрсетті. Батырдың ата-анасы да Бекзаттың арманы туралы айтып берді.

Ермахан Ибрагимов, Олимпиада чемпионы:

– Жарыс алдында «Сіздің қызыл жейдеңіз бос екен ғой, мен соны киіп шығайын деп едім» – деді. Мен: «Саған үлкен болады ғой» – десем, «Жоқ, Ермахан аға, мен арқасын байлап алып шығамын» – деді. (Теледидардан қарасаңыздар арқасын байлап алған). Сосын «Мен чемпионның жейдесімен шыққым келеді» – деді. «Мен әлі чемпион емеспін ғой» – десем, «Ермахан аға, мен 100 пайыз сенемін, сіз чемпион боласыз» деп кеудемде жеңіс отын жағып берді. Бекзатпен арадағы осы диалогты ешқашан ұмытпаймын әрі жүрген жерімде осы айтып жүремін.

Сейілхан Саттарханов, Бекзаттың әкесі:

– Бекзаттың туған қаласы Түркістан үлкен шетелдің қалаларындай әдемі, көпқабатты үйлер тұрса, спорт кешендері болса деп армандайтын. Енді соның армандары орындалып келе жатқан сияқты. Облыс орталығы болдық, Құдайға шүкір. Спорт кешендері салынып жатыр. Бекзаттың арманы осы болатын.

24.kz

БОКС

Қазақстандық кәсіпқой боксшы Фируза Шарипова чемпиондық белбеуінен айырылып қалуына байланысты пікір білдірді.

«ҚАЗАҚСТАНДА БІЗДІ ЕШКІМ ҚОЛДАҒАН ЖОҚ»

«Бүгін ақпарат құралдарынан IBO әлем чемпионы атағы мен WBC Silver белбеуінен айырылғанымды білдім. Алайда, біз әлі бұл ұйымдардың ресми мәлімдемелерін алған жоқпыз. Бірақ менің ойымша, көп кешікпей ресми мәлімдемелерді аламыз. Өйткені біз бір жылдан астам уақыт чемпиондық атағымызды қорғаған жоқпыз.

Ал ереже бойынша чемпиондық атақты қорғап тұру керек. Былтыр жыл соңында WBC және IBO әлем чемпионы атағы үшін Ева Вальстреммен жекпе-жек өткізуді жоспарлаған едік. Алайда қаржылық мәселелер бұған кедергі болды. Мәдениет және спорт министріне және әкімдерге хат жазып, қаржылай көмек сұрадық. Өкінішке қарай, бізге қаражат табылмады.

Әзірге мен WIBA нұсқасы бойынша әлем чемпионымын. Ал қалған атақтардан айырылу менің және командамның кінәсі емес. Мен белдеулерімді шайқаста жоғалтқан жоқпын. Өкінішке орай, Қазақстанда бізге ешкім қолдау көрсетпеді.

Қазіргі уақытта 63,5 келі салмақ дәрежесінде әлем чемпионы титулын иелену үшін жұмыс істеп жатырмыз. Қазір демеуші іздестіру үстіндеміз, бұл мәселе әлі шешілген жоқ. Біз Мәдениет және спорт министрлігі мен қазақстандық кәсіпкерлердің қолдауын күтіп отырмыз», – деді Шарипова.

Қ.ҚАППАС.

ОБЛЫСТЫҚ ОЛИМПИАДА

«САРДАР» САЙЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ

Алматы облысы білім басқармасы «Дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығы» Жастар жылына арнап әскери қызметке қызығушылық танытатын дарынды оқушыларды анықтау, әскери білім беру беделін насихаттау, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жас ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Сардар» облыстық кешенді олимпиадасы өткізілді.

Олимпиада 11 сынып оқушылары арасында Талдықорған қаласы №28 IT мектеп-лицейі негізінде ұйымдастырылып, 14 аудан және 3 қаланың командалары теориялық және практикалық кезеңдер бойынша өзара бақ сынады.

Нәтижесінде аудандар мен қалалардың командалары Алғыс хаттармен, «Автоматы шапшаң шашып жинау», «Қашықтыққа 3000 метрге жүгіру», «Қашықтыққа 100 метрге жүгіру», «Кермеге тартылу», «Саптық жаттығуларды орындау» номинациялар бойынша мадақтама грамоталарымен марапатталды. Атап айтсақ, Ескелді ауданы Манан Ильяс III дәрежелі, Еңбекшіқазақ ауданы Уразалиев Ағабек II дәрежелі және Көксу ауданы Жұмахан Ерсәт I дәрежелі дипломды иеленді. Аталған оқушылар ағымдағы жылдың 17-19 сәуір күндері Нұр-Сұлтан қаласында өтетін ақтық «Сардар» республикалық кешенді олимпиадасына Алматы облысының намысын қорғауға жіберіледі.

СПОРТ ӘЛЕМІНДЕ

ҚЫТАЙ КОМАНДАСЫНДА ЕКІ ҚАЗАҚ БОКСШЫСЫ ӨНЕР КӨРСЕТТІ

30 НАУРЫЗ ШАНХАЙ ҚАЛАСЫНДА ЖАПОНИЯ МЕН ҚЫТАЙ БОКСШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ДӘСТҮРЛІ КӘСІПҚОЙ БОКС КЕШІ ӨТТІ.

Қытай ақпарат құралдарының жазуынша, бұл турнир Азия өңіріндегі аса танымал жарыстардың бірі. Осымен төртінші мәрте ұйымдастырылып отырған турнирге екі ел де өздерінің ең мықты боксшыларын алып келген.

Өткен жылы Жапонияда өткен үшінші кезекті турнирде қытайлық боксшылар 5:0 есебімен ойсырай ұтылып қалған. Биыл тағы масқара болып жеңілмес үшін Қытай жарысқа қатысатын M23 командасының құрамына қазақ боксшыларын қосты. Атап айтқанда, Ұлан Төлегазыұлы мен Бейсенбі Нәсиоллаұлы бұл кештік басты жұлдызы болды.

Турнир қорытындысында тең жартысы қазақ боксшыларынан жасақталған Қытай құрамасы үш жеңіс, бір жеңіліс және бір тең нәтиже тіркеп, жалпы есепте жеңіске жетті.

«Тянь-Шань барысы» деген аты бар Ұлан Төлегазыұлы (10-3-1,4 КО) ең жеңіл салмақта (50.8 келі) Риота Ямаучимен (4-0-0, 4КО) WBA тұжырымы бойынша халықаралық чемпион титулын (WBA International Flyweight Title) сарапқа салды. 12 раундқа созылған тартысты жекпе-жекте қос боксшы өзара бір-бір нокдаун тіркеді. Нәтижесінде қазақ боксшысы 115/112,117/109,117/109 есебімен жеңіске жетті.

Осы жеңісінен кейін Ұлан WBA ұйымының әлемдік рейтингісінде үздік 15 боксшының қатарына енді. Әрі WBA нұсқасы бойынша әлем чемпионы атағына таласу толымдылығына ие болды.

Ал қытайлық жанкүйерлер Головкиннің ізбасарына балап, «OneG» атап кеткен Бейсенбі Нәсиоллаұлы (15-2-1, 6КО) өкінішке орай жапон боксшысына есе жіберді.

Айта кетерлігі, Бейсенбі (63,5 келі) бұған дейін WBA және WBC нұсқасы бойынша Азия чемпионы титулын (WBA International super lightweight title,WBC Asian Boxing Council Continental super lightweight title) иеленген болатын.

Бұл бокс кешінде Дәулет Қазы есімді тағы бір жас боксшы шаршы алаңға шығып, жапониялық қарсыласымен тең тарқасты. Бірақ, қазірше бұл жігіттің ұлты қазақ екені жайлы нақты ақпарат жоқ.

prosports.kz.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

САНДЫҚТАҒЫ СӨЗ

Әдірет – өнеге, ғибрат.
Әжеп – ғажап.
Әжине – азғын, жексұрын, сұмырай.
Әжір – сауап, сыйлық, разылық.
Әзал – бұрын.
Әзел – ғазиз, қимас.
Әккіс – сезімтал, сезгіш.
Әлет – мезгіл, мерзім, кез, уақыт.
Әлпез – күй, қалып.
Әлімзада – білімділер ұрпағы.

ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР

Сөз әдебі, тіл туралы

Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады,
Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады.
АСАН ҚАЙҒЫ.

Төрде отырып, теріс сөйлегеннен без,
Есікте отырып, керіс сөйлегеннен без.
Бәйдібек ҚАРАШАҰЛЫ.

Жақсының жақсылығы
сол болар –
Жаманмен қосылып
сөйлемекке ар етер.
Жаманның жамандығы
сол болар –
Сөйлесе бетіңді қара етер.
Шалгиз ТІЛЕНШІҰЛЫ.

Өлең – сөздің данасы, шындықтың анасы.
Бұқар ҚАЛҚАМАНҰЛЫ.

ТӘМСІЛ

ҮНДЕМЕУДІҢ ӨЗІ – ҮЛКЕН ӨНЕГЕ



Тіліне сақ болудың қадірін, «үндемегеннің үйдей бәледен құтылатынын» жан жүрегімен түсінген хан баласы үнемі үндемей жүруді өзіне әдет етіп алыпты. Үнемі үндемей жүргені соншалықты әке-шешесі оны ауырып қалды ма деп уайымдай бастайды. Хан елдегі ең жақсы деген дәрігерлерді шақыртып, ем жасатады. Бірақ бұдан еш нәтиже болмайды.

Содан күндерден күн өтіп, хан баласымен бірге аңшылыққа шығады. Жол жөнекей еш аң кездестіре алмай дал болады. Кенет бір бұтаның арасынан құстың даусы естіледі. Оқтаулы мылтығын дауыс шыққан жаққа қарай атып жіберген хан құсқа дәл тигізеді. Бұрқ етіп жерге құлаған құсты көрген бала еріксіз: «Үніңді шығарып нең бар еді, даусың жетті түбіңе» деп қалады.Мұны естіген әкесі баласының басынан періп жібереді. Сонда баласы: «Артық сөйлеп нем бар еді, тілім басыма таяқ боп тиді» деген екен.

КӨРГЕН-БАҚҚАН

Бір топ үйрек бір көлді тастап, дүр етіп көтеріліп, екінші көлге қарай ұшып барады дейді. Жолай сұңқар кезігіп сұрайды: «Қайда бет алдыңдар?» – деп. Сонда үйректер: «Құрысын, мына көл сасып кетті. Ана көл таза, соған барамыз», – деседі. Сұңқар айтты дейді: «Мына көтендерің аман болса оны да сасытарсыңдар», – деп.

Облыстан облысқа, министрліктен министрлікке ұшып-қонып түк бітірмей жүрген біреулерді көрсем ылғи да осы әпсана есіме түседі.

Рахымжан ОТАРБАЕВ.

КЕРЕК КЕҢЕС

Ашуыңызды басқара аласыз ба?

Ашуланбайтын адам жоқ. Тек осы ашу-ызаны ауыздықтап, бақылауда ұстау екінің қолынан келе бермейді. Себебі ашуланғанда өзіңді ұмытып кететін сәттер болады. Ал жақын жаныңызды осындай сәтте ренжітіп алуыңыз да ғажап емес. Ендеше ашуды басудың амалдарын ескере жүріңіз.

Ең әуелі өзіңізге сұрақ қойып көріңіз. Соңғы рет қашан ашуландыңыз және сізді не ашуландырды? Қаншалықты жиі ашуланасыз, ал ол қанша уақытқа созылады? Ашу үстінде өзіңізді ашуландырған адамның намысына тиетін сөздер айтасыз ба? Қатыгездікке бармайсыз ба? Осы сұрақтарға іштей жауап қатыңыз. Сонымен қатар ашуыңызға көп тиетін адамдардың тізімін және жиі кездесетін жайттарды тізіп шығыңыз. Одан соң ашуланған кездегі іс-әрекетіңізді де жазып кетіңіз. Соңында ашуыңыз басылып, өзіңізге келгеннен кейін өзіңізді қалай сезініп тұрғаныңызды да жазып қойыңыз. Бұл өзіңізді сырттай бақылау үшін қажет. Артынан өз жазбаңызды оқып, болмайтын дүниеге ашуланған екенмін деп айтуыңыз мүмкін.

Өзіңізді ұстай біліңіз. Ашу үстінде сіз өзгені тыңдамайсыз, өйткені ашу-ызаңыз өршеленіп тұр. Алайда бұл ең әуелі өзіңізді тыңдамай тұрғаныңыз болып есептеледі. Сондықтан өзіңізді қолға алып, қарсы жақтың уәжін тыңдап, үзіліс жасаңыз. Үзілісте ойыңызды қорытып, ақпаратты сараланыз.

Қарсыластың намысына тимеңіз. Бұл мәселеңізді одан әрі ушықтырады. Яғни ашу-ызаңызды одан әрі тереңдете түседі. Себебі, қарсы жақ сөзіңізді асқан шыдамдылықпен тыңдай алмайды.

Үзіліс жасаңыз. Үзіліс жасауға, өз-өзіңізге келуге мүмкіндік беретін сәттерді қалт жібермеңіз. Мысалы: «Мен қазір аса ашулымын. Бұл дауды доғарғанымыз дұрыс, кейін түсінісеміз», – деген сияқты сөз осындай үзіліске мүмкіндік береді.

Орынды сөз таба білу, қажетті дәлелдер келтіріп қарсы жақты сабырға келтіре білу де ашу-ызаны басуға жәрдемдеседі, ұрыс-керістің ушығуына жол бермейді. Ашу-ыза күйінің тереңдеуіне өзіңіз кінәлісіз, өзгені кінәламаңыз. Кейде түсінбестік жағдайдан шығу үшін қарсы жақтың өзінен жәрдем сұраған да көмектеседі. Яғни: «Босқа ренжіскенше, түсіскеніміз дұрыс», – деген сияқты ымыраға шақыру дұрыс болмақ.

25% жеңілдікпен жазыл!

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Қазір еліміздің мемлекеттік баспасөздерге жазылу аяқталды. Десек те, біздің «Алатау» газетіміз халықтың сұрауы бойынша, бағасы 25% жеңілдікпен «Өз сүйікті газетіңе жазыл» акциясын ұйымдастырып отыр. Сіздің енді кез келген «Қазпошта» бөлімшесінде еш кедергісіз «Алатауға» жыл соңына дейін жазылып, ұтысқа ие болу мүмкіндігіңіз бар.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

Құрметті оқырмандар! Акция мерзімі редакция алқасының шешімі бойынша мамыр айына дейін ұзартылғандығын хабарлаймыз. Әлі де газетке жазылып, ұтыс иеленуге мүмкіндіктеріңіз бар.

«АЛАТАУ» – ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:	ЦЕНА ПОДПИСКИ:
РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ	С РЕДАКЦИИ
3 айға – 600 теңге.	3 месяца – 600 тенге.
6 айға – 1200 теңге.	6 месяцев – 1200 тенге.
ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ ҚАЛАЛАР ҮШІН	ДЛЯ ГОРОДА НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ
3 айға – 858, 63 теңге.	3 месяца – 858, 63 тенге.
6 айға – 1717, 26	6 месяцев – 1717, 26 тенге.
АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА	ДЛЯ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ
3 айға – 914, 49 теңге.	3 месяца – 914, 49 тенге.
6 айға – 1828, 98 теңге.	6 месяцев – 1828, 98 тенге.

Индексі: 16534

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ — редактордың орынбасары
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА — тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ — тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші

Кезекші редактор: Д. БЕРЕКЕТ.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail. ru
E-mail: www. alatau. kz@mail. ru

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 6898
Тапсырыс №489
Индекс 15534